



ТАҒАМНАН ТӨНГЕН ҚАУІП

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚАЗАҚ КЕЛІНІНІҢ КЕЛБЕТІ

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗАҚСТАН ТИІМДІ ӘРІ САЛИҚАЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ӨЗІНІҢ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕСІН ҚОРҒАП, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАП КЕЛЕДІ. БІЗДІҢ ӨЗГЕРМЕЙТІН МАҚСАТ-МҰРАТЫМЫЗ БАР. БҰЛ – ЕЛІМІЗДІҢ ЕГЕМЕНДІГІ МЕН АУМАҚТЫҚ ТҰТАСТЫҒЫН САҚТАУ, ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕ-ЛЕРІН ҚОРҒАУ, ЭКОНОМИКАМЫЗДЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНА БАРЫНША ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ.

№4 (4592) Бейсенбі 11 қаңтар 2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



«АЛЫПТЫҢ» БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН!

Астананың №3 көпбейінді қалалық ауруханасында салмағы 5 келі 484 грамм сәби дүниеге келді деп хабарлады елорда әкімдігінің ресми сайты.

«Жалпы салмағы 5 келіден асатын балалар өте сирек дүниеге келеді. Мұндай сәбиді алып десек болады. Абырой болғанда, бұл баланы анасы асқынусыз, өзіндік табиғи жолмен босанды, бірақ, әрине, ерекше назар аударуға тұрарлық. Іштегі нәрестенің үлкендігіне қарамастан, бәрі жақсы өтті. Ең бастысы, баланың дені сау, анасы бақытты. Бұл – біздің жұмысымыздың басты мақсаты» деді босандыру бөлімінің меңгерушісі Гүлнәр Қайырбекова.

Астанада осындай салмағы 5 келіден астын сәби өткен жылдың желтоқсан айында дүниеге келген еді.



АТҚА МІНГІЗІП ОҢАЛТАДЫ

Елордада мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау бойынша бірнеше жоба жүзеге асып келеді. Соның бірі – ерекше қажеттілігі бар балаларды иппотерапия әдісімен оңалту жобасы. Бүгінгі таңда «Арғымақ» ат спортымен сауықтыру орталығына келушілерге көрсетілетін емнің негізгісі – атқа мінгізу.

ЖӘРДЕМАҚЫ КӨБЕЙДІ

Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақының мөлшері Әлеуметтік кодекстің 80-бабында айқындалады және ол айлық есептік көрсеткіштермен белгіленеді.

«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға сай, 1 АЕК 3692 теңге болып белгіленген. Алғашқы 3 баласын туғандарға 38 АЕК, яғни 140296 теңге жәрдемақы тағайындалды. 4 және одан көп бала туғандарға 63 АЕК көлемінде бір реттік жәрдемақы төленеді. Сонымен қатар егіз немесе үшем туған болса, жәрдемақы баланың әрқайсысына жеке тағайындалады. Бұл – бір реттік жәрдемақы мөлшері.

Көпбалалы отбасыларға ай сайынғы жәрдемақы да көбейген. Әлеуметтік кодекстің 91-бабына сай, оның мөлшері мынадай: 4 балаға шамамен 59183 теңге, ал 5 балаға шамамен 74 мың, егер отбасында 8 немесе одан көп болса, әр балаға 4 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленеді. Егер отбасында 8 және одан көп бала болса, әр балаға 4 АЕК, яғни 8 балаға 32 АЕК (118144 теңге) жәрдемақы беріледі.

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Бас қалада азаматтарды қабылдау орталығы жұмысын бастады, ол барлық құрылымдық бөлімшелердің өкілдерін бір жерге біріктірді.

Азаматтарды қабылдау орталығы – халықпен жұмыс жөніндегі жергілікті атқарушы органның бірыңғай фронт-желісі. Орталық базасында келушілер ыңғайлы жағдайда мемлекеттік органға өтініш бере алады, сондай-ақ әкімдік ведомстволары өкілдерінің кеңесін, мемлекеттік қызмет ала алады, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бірінші

басшыларына жеке қабылдауға жазыла алады. Жеке қабылдаулар бекітілген кестеге және жұмыс регламентіне сәйкес орталық алаңда өтеді, мұнда консультациялар мен өтініштер қабылданады.

Орталықта азаматтар үшін қолайлы орта құрылды, астаналықтардың мәселелерін шешу үшін оларды қабылдау процесі оңтайланды.

Азаматтарды қабылдау орталығы қаладағы Бейбітшілік көшесі, 14 мекенжайы бойынша дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:00-ге дейінгі аралықта, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін жұмыс істейді.

Тұрғындар өздерін толғандырған мәселелер бойынша call-орталыққа 8 (7172) 72-51-51 нөмірі бойынша қоңырау шала алады.

Орталыққа мынадай автобустармен жетуге болады: №5а, 10, 20, 23, 33, 40, 53, 58, 64, 71, 73.





ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевты қабылдады. Президентке Қарағанды облысының 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр 11 айдың ішінде өңірдегі өнеркәсіп өнімінің көлемі 3,1 триллион теңгені құрағаны жөнінде баяндалды. Негізгі капиталға салынған инвестиция 16,3 пайызға артып, 727 миллиард теңгеге жеткен. Облыс әкімінің айтуынша, өңдеу өнеркәсібі салаларында, атап айтқанда, машина жасау ісінде 45 пайыз, жеңіл өнеркәсіпте 23,9 пайыз, фармацевтикада 20 пайыз өсімге қол жеткізілген. Сонымен қатар қағаз өнеркәсібінде, құрылыс индустриясы мен қара металлургияда өсім байқалады.

Шағын және орта бизнес саласында 100 мыңнан астам компания қызмет етеді және бұл бағытта өңірдегі белсенді халықтың 45 пайызы жұмыс істейді. Кәсіпкерлер үшін бөлшек салықтың мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілді.

Биыл жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін 19 пайыздан 25 пайызға арттыру жоспарланып отыр.

Облыс әкімінің айтуынша, экономиканың барлық саласында 25 мыңнан астам жұмыс орны ашылып, жұмыссыздық деңгейі 4,1 пайызға, кедейлік деңгейі 2,7 пайызға дейін төмендеген. Ал халықтың нақты табысы 4,7 пайызға көбейген. Бұдан бөлек, Президентке жылыту маусымының барысы, Қазіргі таңдағы жағдай туралы баяндалды. Мемлекет басшысына жаңа инвестордың өндірісті тұрақтандыру және оның көлемін арттыру бағытында қабылдап жатқан шаралары, сондай-ақ өндірісті жаңғырту және компания жұмысшыларының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Әлеуметтік сала бойынша ауылдық жерлерде 92 денсаулық сақтау нысанының құрылысы, екі ауданаралық аурухананы жаңғырту жұмыстары басталған. Биыл «Жайлы мектеп» жобасы аясында өңірде 7100 орындық 10 мектеп пайдалануға берілмек. Сонымен бірге Ермағанбет Бөлекпаев әлеуметтік саланың жай-күйі, «Ауыл – ел бесігі» және «Ауыл аманаты» жобаларының іске асырылуы туралы да баяндады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облысты одан әрі дамыту және тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту жөнінде бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қазіргі таңдағы жағдайды ерекше бақылауға алу қажет екенін атап өтті.

10 ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛАДЫ

Астанада биыл I, II тоқсанда құрылысы ұзаққа созылған тағы 10 тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталады. Баспанасын жылдар бойы зарығып күткен 500-ге жуық үлескердің мәселесі шешіледі. Бұл туралы қала басшысы Жеңіс Қасымбек мәлімдеді.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

«Қуанышты жаңалықты сүйіншілеп жатқанымыздың бір себебі құрылысы бірнеше жылға созылған тұрғын үй кешендерінің соңғы бөлігі биыл аяқталатыны мәлім болды. «Араби 2 – Гранитный 2», «Арыстан, 4-блок», «Future home» секілді ұзаққа созылған нысандардың құрылыс барысымен таныстым. Бұл тұрғын үй кешендері құрылысының басталғанына 12 жылға жуық болды. Мысалы, «Араби 2 – Гранитный 2» тұрғын үй кешені 2013 жылы проблемалы деп танылған. Мұнда 200-ге жуық отбасы баспанасын күтіп жүр. «Future home» тұрғын үй кешенінің құрылысы да 2013 жылы басталған. Нысанды ЕҚК-ге беру кезінде 4 және

7-қабаттар ғана салынған болатын» деп түсіндірді мәселенің мәнісін әкім.

Жеңіс Қасымбек Астанада құрылысы ұзаққа созылған нысандар бойынша ауқымды, жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын қадап айтты.

«Осы кезге дейін мемлекет қолдауының арқасында 16 мыңнан астам үлескер отбасының 15,5 мыңға жуығы баспаналы болды. Ұзаққа созылған 140-тан астам тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталды. Мәселен, 2023 жылы құрылысы ұзаққа созылған 32 тұрғын үй кешені болатын. Былтыр ұзаққа созылған 22 тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталды. Биыл 10 үй қалды, олардың құрылысы осы жылдың I, II тоқсанында аяқталады. Осылайша, қалған 500-ге жуық үлескер отбасы баспаналы болады. Бұл өзекті мәселе Мемлекет басшысының

тікелей бақылауында» деді шаһар басшысы.

Жеңіс Қасымбек үлескерлермен үнемі кездесіп, олардың барлық мәселесін ашық талқылайды. Сол кездесулерін қала басшысы күн сайын әлеуметтік желілердегі (Facebook, Instagram) парақшасында бөлісіп отырады. Өйткені үлестік құрылыс нысандары бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары бар. Астана әкімі бас қаланың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші туралы есеп берген былтырғы жиында «Бүгінге дейін шамамен 3,6 мың салымшы өзінің көптен күткен пәтер кілтін алды. Ал қалған үлескерлер 2024 жылдың бірінші жартысында жаңа үйіне қоныстанады. Яғни келесі жылы біз елордадағы үлескерлер мәселесін түбегейлі шешеміз» деген еді.



ТҮРҒЫН АЛАПТАР ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Жаңа жылдың екінші жұмыс аптасын қалалық мәслихат депутаттары елорданың тұрғын алаптарын стратегиялық жағынан дамыту мәселелеріне арнады. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлімет таратты.

«Жыл соңында жариялағанымыздай, елорданың тұрғын алаптарын стратегиялық дамыту мәселесін талқылауға кірістік. Бүкіл жұмыс аптасы осы мәселеге арналады. Кеше Алматы ауданы тұрғын алаптарының жағдайын жақсарту бойынша кешенді жоспар – іс-шаралар жобасы талқыланды. Бүгінгі таңда бұл аумақ белсенді дамып келеді. 60 жаңа контейнерлік алаң орнатылды, қолданыстағы 100 алаң мен 21 көшеге жөндеу жүргізілді, 36 көшеге инертті материалдар төселді. Бұдан басқа, еріген қардың суын басқа жаққа бұру үшін ұзындығы 1 мың метр арықтар қазылды. 5120 адам газбен жабдықтау жүйесіне қосылды. Осындай жетістіктерге қарамастан, бізге әлі көп жұмыс атқару керек» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік



желідегі парақшасында.

Мәслихат тапсырмасымен Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы елорданың барлық 16 тұрғын алабының цифрлық картасын дайындайды. Сондай-ақ тұрғын алаптарды дамытудың кешенді жоспарына енгізу үшін

проблемалық мәселелердің тізбесін құру, соның ішінде халықтың пікірін ескере отырып, қажетті жерде спорт алаңдарын абаттандыру және салу үшін аулалар тізімін дайындаумен айналысатын жұмыс тобын құруға бастамашы болу тапсырылды.

Елорда жастары арасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған «Esirtkisiz elorda» жобасы аясындағы іс-шаралар кем дегенде 300 мың адамды қамтиды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

КЕШЕНДІ ЖОСПАР ӘЗІРЛЕНЕДІ

«Өткен жылы қалалық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма заңдылық, құқықтық тәртіп және қоғаммен байланыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырыстарының бірінде «Esirtkisiz elorda» жастар қозғалысының тұжырымдамасын таныстырған болатын. Бұл жоба жастар арасында на-

шақорлықтың алдын алуға бағытталған. Осыған орай, нақты деректері, көрсеткіштері/индикаторлары, нақты нәтижелері және ағымдағы жағдайды егжей-тегжейлі талдайтын кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеуге тапсырма берілді. Нашақорлықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар аясында 300 мың адамды қамту

жоспарлануда. Қала дамуының барлық аспектісі ескерілген елорданың 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті бірауыздан қабылданған болатын. Әлеуметтік нысандарды салудан басқа, нашақорлыққа қарсы күресті, буллинг пен суицидтің алдын алуды көздейтін іс-шараларды іске асыруға қаражат бөлінеді» деп түсіндірді Е.Каналимов.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕР РЕТІНДЕ ТІРКЕЛЕДІ

1 қаңтардан бастап бірыңғай жиынтық төлем күшін жойды. Бұдан былай өзін-өзі жұмыспен қамтыған

азаматтар кәсіпкер ретінде тіркеліп, өзіне ыңғайлы салық тәртібін таңдауы тиіс. Қазір оның 3 түрі бар. Олар: мөл-

шерлемесі 1 пайыздық патент, 3 пайыздық оңайлатылған декларация немесе 4 пайыздық бөлшек салық тәртібі.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Франция премьер-министрі Элизабет Борн отставкаға кетті.

Ел президенті Эммануэль Макрон оның отставкасын қабылдап, Элизабет Борнның өз ісіне адалдығы мен табандылығын атап өтті. Элизабет Борн Францияның министрлер кабинетін 2022 жылдың мамыр айынан бері басқарып келді. Елисей сарайы жаңа үкімет тағайындалғанға дейін премьер-министр өз міндетін атқара беретінін мәлімдеді.



Жапониядағы жер сілкінісінен қаза тапқандар саны 202 адамға жетті, тағы 102 тұрғын із-түзсіз жоғалғандар қатарында тұр.

Сика ауылында жаңа коронавирус жұқтырғандар тіркелгені туралы ақпараттан кейін билік өкілдері инфекция аурулары тарап кетуінен қауіптеніп отырғанын мәлімдеді. Себебі 28 мыңнан астам адам әлі де Исикава префектурасының эвакуация орталығын паналап отыр. Әсіресе Вадзима мен Судзуда жолдар қирап, 3300 адам оқшауланып қалған.



Әзербайжанда 7 үміткер президент сайлауына түседі.

Орталық сайлау комиссиясы республика президентіне тағы 4 адамның кандидатурасын тіркеді. 7 ақпанда өтетін кезектен тыс президент сайлауына «Ени Әзербайжан» партиясының атынан Гейдар Оғлу Әлиев, «Ұлы жасампаздықтан» Фазил Мұстафа, «Ұлы Әзербайжаннан» Эльшад Мұсаев, «Әзербайжанның бірыңғай халық майданынан» Гудрат Гасангулиев және өзін ұсынған Фуад Әлиевтің кандидатурасы тіркелді.

АТҚА МІНГІЗІП ОҢАЛТАДЫ



Өткен жылдың қазан айында елорданың «Арғымақ» ат спортымен сауықтыру кешенінде ерекше қажеттілігі бар балаларды иппотерапия әдісімен оңалту жобасы іске қосылған болатын. Қазіргі таңда сауықтыру кешенінде атқарылып жатқан жұмыс аз емес.

Орталықтың реабилитолог дәрігері, иппотерапевт Айгүл Хасенованың айтуынша, кешен басшылығы ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту саласында тәжірибесі бар «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Соның негізінде бүгінгі таңда бірқатар жұмыс жүзеге асып жатыр.

– Иппотерапия – ерекше қажеттіліктері бар балаларды емдеу мен оңалтудың тиімді әдісінің бірі. Атақ мінә арқылы емдеу тірек-қимыл аппаратының бұзылуын, психикалық және когнитивті бұзылуды қалпына келтіруге бағытталған. Бұл, әрине, тірек-қимыл

аппараты бұзылған балаларға қолайлы. Нақты нәтижені көріп жүрміз. Әр балаға біз жеке бір жылқыны таңдаймыз. Біріншіден, біз жануардың өсуіне қараймыз. Жылқының бойы 140-150 см-ден аспауы және баланың оған отыруына ыңғайлы болуы үшін тым кең болмауы керек. Гиперкинетика формасы бар балалар жылқының беліне қараған кезде өте жақсы тынышталады. Біз қолданатын көптеген ереже бар. Емдеу курсы ауруға байланысты 8 саанстан басталады, қажет болған жағдайда одан әрі жалғаса береді. Әр сабақтың ұзақтығы – 20 минут, – деді реабилитолог.

Қанатқақты жобаның алғашқы үш

айында елордалық ат спортымен сауықтыру кешенінде 72 бала емделген. Мүмкіндігі шектеулі балаларды сөзге тарта алмағандықтан, оларды ертіп жүрген үлкендердің пікірін білуге тырыстық. Мансүр Исаева немересін екі айдан бері осында әкеліп жүргенін, жаңа әдістің нәтижесіз емес екенін жеткізді.

– Біз бұл жердегі дәрістерге үзбей қатысып келеміз, өйткені сабақтар немереме көп пайдасын тигізді. Сауықтыру кешенінің ғимараты бізге ұнайды, бұл жер жаңа, кең әрі жарық. Нұсқаушылар да балаларға жақсы қарайды. Маған әсіресе реабилитолог дәрігер ерекше ұнайды, сауатты маман. Баланы атқа отырғызбас бұрын алдымен оның жағдайын тексереді, ауруын зерттейді, жалпы баланы бақылайды, содан кейін ғана әр балаға жануарды таңдап, отырғызуға рұқсат береді. Біз қыркүйек айынан бастап қаладағы «Жансая» оңалту орталығына барып жүрміз. Сол жердегі дәрігерлердің нұсқауы бойынша иппотерапияға жолдама алғанбыз. Орталықтан ерекше қажеттілігі бар балаларға арнап автобус бөлінді. Бұл көлікпен ата-аналар орталыққа тіркелген балаларды иппотерапия процедураларына тегін әкеле алады. «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында да, «Арғымақ» ат спортымен сауықтыру кешенінде де бұл балаларға барлық қызмет тегін көрсетіледі, – деді ерекше баланың әжесі.

Бүгінгі таңда ипподромда 20 жылқы бар, олардың 10-ы сауықтыру сабағына белсенді қатысады. Иппотерапия әдісімен ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту бойынша сабақты кешен базасында сейсенбі, бейсенбі күндері реабилитолог дәрігерлер, сондай-ақ аккредиттелген ұйымдарда оқудан өткен иппотерапия саласындағы білікті мамандар жүргізеді.

ИГІ ІСТЕР МАРАФОНЫ

Соңғы күндері елордада қалың қар жауып, көптеген үйлер, әсіресе жеке үйлер қар құрсауында қалды. Қала тұрғындарының бәрі ауласын өз бетінше тазалай алмайды. Сол себепті Астана еріктілері «Игі істер марафоны» дәстүрлі акциясын бастады. Оның аясында елордалық волонтерлер жалғыздікті зейнеткерлердің ауласын қардан тазартуға көмектесті.

Елордалық еріктілер Алматы ауданының аумағында тұратын жалғыздікті қариялардың үйіне барып, оларға көмек қолын созды. Жергілікті тұрғындар жастардың көмегіне алғыс білдірді.

– Жігіттерге дән ризамын. Жақсы жұмыс істеді. Үйіліп және қатып қалған қарды тазалау маған өте қиын. Осы жасымда қар күреп, мұз оюға күш керек. Мұны өзім жалғыз жасай алмас едім. Аулаға жалғыз шығудың өзі мен үшін мұңға айналып еді. Жастар келіп, жолымды қардан тазартып берді. Осындай тәрбиелі ұрпақ өсіп келе жатқанына қуанамын, – деді Алматы ауданының тұрғыны Лидия Логвинова.

Лидия Логвинованың көршісі Анатолий Зайкин ауланың тазалығы ғана емес, еріктілердің позитиві мен энергиясы ұнағанын айтты.



– Мұндай бірлескен жұмыстан көңіл күйіміз еріксіз көтеріліп қалады. Жастардың деніне саулық, басына амандық, бақыт тілеймін! – деді ол.

Елордада «Игі істер марафоны» өтіп жатыр. Акцияның басты мақсаты – еріктілер мен өзге де тұрғындарға, халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарына, қарт кісілерге, мұқтаж зейнеткерлерге барынша көмек көрсету. Қыстыгүні қар тазалауға көмек-

тесумен қатар, елордалық еріктілер халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан отбасыларға азық-түлік себетін тасымалдайды, қарт кісілерге отын кесуге көмектесті және коммуналдық қызмет мамандарына ыстық шай мен жылы бауырсақ таратты. Жастардың бұл әрекетіне риза болған қариялар мен коммуналдық сала қызметкерлері оларға алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

Өзбекстанда халық саны бір жылда 2,2 пайызға өсіп, 36,7 миллионнан асты.

2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Өзбекстандағы тұрақты халық саны – 36799756 адам (2023 жылдың 1 қаңтарында 36024946 адам). 2023 жылдың басынан бері халық саны 774,8 мың адамға көбейген. Ай сайынғы орташа өсім 64,6 мың адам болса, күнделікті өсім – 2,1 мың адам. Бұлтыр бұл елде 968140 саби дүниеге келді. Демография болжамына сай, 2030 жылға қарай Өзбекстан халқының саны 41 миллионнан асуы мүмкін.



АҚШ айға робот аппарат ұшырды.

Бұл – Американың Жер серігін зерттеу үшін соңғы 50 жылда алғаш рет аттандырып отырған ғарыш зонды. Аппарат Айға 23 ақпанда қонуы тиіс. АҚШ «Вулкан» зымыран тасығышымен Айға Peregrine аппаратын жөнелтуді көп жылдан бері жоспарлап келген. Жобаның басты мақсаты – Ай беті мен оның айналасындағы газ қабығын зерттеу. Сондай-ақ құрылғы көмегімен Айға фотосуреттері бар жадыйларды, ойыншықтар мен Эверест тасы сынды коммерциялық жүктерді жеткізіп көрмек.

Елордада Парламент депутаттарының көшпелі жұмыс іс-шаралары жалғасты. Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов Байқоңыр ауданы ардагерлерімен кездесу өткізді.

АРДАГЕРЛЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Байқоңыр аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде өткен кездесу басында Дәулет Тұрлыханов өзі сайланған Астана қаласының №2 сайлау округі бойынша атқарылған іс-шаралар туралы, Парламенттегі жұмыс барысы жайында айтып берді. Аудан аумағында жүргізіліп жатқан мектеп құрылысы, сумен қамтамасыз ету, кәсіпорын жұмысшыларының әлеуметтік мәселелері жөніндегі ой-пікірін ортаға салды. Сондай-ақ жиналысқа қатысқан Астана қаласы Уразалина, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Малик, «Белсенді өмір сүру орталығы» КММ басшысының орынбасары Марат Әубәкіров елордада ардагерлер қауымына жасалып жатқан игі іс-шаралар туралы айтты.

– Астана өте қарқынды дамып келе жатқан қала болғандықтан, оның әлеуметтік инфрақұрылымын жетілдіру, жаңарту өзекті болып отыр. Мәселен, кейбір мектептерде үш ауысыммен оқу жалғасып жатыр, бірақ ол мектептердің жанынан қосымша ғимараттар тұрғызылып жатыр. Биылғы оқу жылы аяқталғанға дейін бірнеше мектеп пайдалануға берілейін деп отыр. Мен депутат ретінде осы оқу мекемелеріндегі

құрылыс жұмысын ұдайы назарда ұстап келемін. Сондай-ақ «Астана су арнасы», «Астана көгалдандыру құрылысы» кәсіпорындары жұмысшыларымен кездесіп, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша мәліметтерді білдім. Қаланы сумен қамтамасыз ететін нысандардың жұмысымен де таныстым. Осындай жұмыстар арқылы орын алған проблемаларды қала басшылығына жеткіземін, қажет болған жағдайда, заңнамалық тұрғыдан өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мүдделік танытамын, – дейді Дәулет Болатұлы.

Кездесуге келген ардагерлер қауымы депутатқа өздерін толғандырған сауалдарын да қойды. Дәулет Тұрлыханов әрбір сұраққа егжей-тегжейлі жауап берді. Ардагерлер тарапынан, әсіресе, жастардың жаман әдеттерге бой ұсынып бара жатқаны туралы сауал көп қойылды. Бұл ретте депутат Мәжілістегі жұмысында есірткі, зиянды сусын-ішімдіктер, электронды темекінің жастарға тигізіп отырған зардабы туралы бірнеше рет депутаттық сауал жасағанын, осы бағытта заңдылықты қатайту жөнінде жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлім етті.

Кездесу барысында депутат зейнеткерлердің қолөнерін тамашалап, спортпен шұғылданып жүрген ардагерлермен емін-еркін әңгімелесті. «Белсенді өмір сүру орталығы» мекемесінің ұжымына және жұмысына ризашылығын білдірді.

ТІЛ ҮЙРЕНУ – ТЕГІН

№12 бұқаралық кітапхана және Астана ОКЖ КММ орталық балалар-жасөспірімдер кітапханасы «Руханият» КММ-мен бірлесіп, қазақ тілін үйрену бойынша тегін курсқа қабылдау басталғанын хабарлады.

Курс 18 жастан асқан азаматтар үшін жаңадан офлайн форматта бастауыш және жалғастырушы деңгей бойынша өтеді.

Оқыту 1 ақпаннан басталады. Оны өтуге ниет білдірушілер өзімен бірге жеке куәлігінің көшірмесін алып баруы қажет. Сабақ аптасы-

на – 2 рет, ұзақтығы – 1 сағат 20 минут.

Курсқа жазылу үшін мына мекенжайларға бару керек: Луи Пастер көшесі, 73, 10:00-ден 17:00-ге дейін (№12 көпшілік кітапхана), Бөгенбай батыр даңғылы, 52 (орталық балалар-жасөспірімдер кітапханасы).

ӨРТТЕН АМАН ҚАЛДЫ

Астанада өрт сөндірушілер көпқабатты үйдегі пәтерде болған өрттен 7 адамды құтқарды. Құтқарылғандардың үшеуі – бала.

Төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, 9 қаңтар күні сағат 9:58-де Астана қаласы ТЖД өрт сөндіру бөлімшесіне Қабанбай батыр даңғылы, 59 мекенжайындағы пәтердегі өрт туралы хабарлама келіп түскен. Оқиға орнына барғанда «Будапешт» тұрғын үй кешенінің 10-қабатындағы пәтердің ас үй бөлмесінде жиһаз бен үй заттары жанғаны анықталды.

Оқиғаға Астана қаласы ТЖД жеке құрамының 28 адамы мен 7 техника жұмылдырылды. Олар көрші

пәтерден 7 адамды, оның ішінде 3 баланы құтқарды. Өрт сағат 10:32-де ауыздықталып, сағат 10:35-те толық сөндірілді.

«Құтқарушылар өрт сөндіру техникасы үшін жолдың жабылуы, жеке автокөліктердің көптеп тұраққа қойылуы мәселелеріне тап болды. Осыған байланысты ТЖД автокөліктерді кірме жолдарда қалдырмауды, тұрақ немесе тұрақ үшін орын тандауды, арнайы техниканың өтуі үшін бос орын қалдыруды ескертеді» деп жазылған хабарламада.

№94 (4592) 11/01/2024 Бейсенбі

Данабек ИСАБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты:ӘДІЛДІК МАҚСАТҚА
ЖЕТКІЗЕДІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне шыққан сұхбатын зор ықпалмен оқып шығып, елде жүзеге асып жатқан саяси жаңғыру үдерісі туралы мол ақпаратқа қанықтым.

XXI ғасырда өркениет көшіне ілесу оңай емес. Нақты бағдар, уақытпен үйлескен іс болмай, экономикалық тұрғыда ілгерілеп, бәсекеге қабілетті болу қиын. Ал халықтың сапалы өмір салтын қалыптастыратын бастамалар қалай, қайтп өнімді болады? Әрине, қоғамда әділеттілік принциптері салтанат құрған жағдайда ғана. Ол үшін заңның мүлтіксіз орындалуын, тәртіптің сақталуын толық қамтамасыз ету маңызды. Міне, Президенттің сұхбатынан осыны анық аңғардық.

Алға қойған мақсат – шынайы әрі межелі болу үшін халықтың жұдырықтай жұмылуы. Онсыз кез келген бағдарлама баянсыз болады. Осы тұрғыдан алғанда, сұхбатта ел азаматтарының ұстанымы, мемлекеттік қызметшілердің қабілет-қасиеті қандай болу керектігі көрсетілді.

Ел азаматтары елдік істерге сенім артып, саяси-экономикалық бастамалардың тірегіне айналса, ал мемлекеттік қызметшілер білімді, білікті, бастамашыл, тиянақты, тәртіпті, арлы және Әділетті Қазақстан идеясына адал азаматтар болуы шарт. Олар «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидатын берік ұстануы тиіс.

«2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемі екі есе артып, 450 миллиард долларға жетеді. Қазір еліміздің жалпы ішкі өнімі 259 миллиард доллардан асады» деді Президент. Бұл үшін басты екі бағытта нақты шаралар қолға алынды. Біріншісі – ауқымды өндіріс жобаларын жүзеге асыру. Президент Үкіметке инфрақұрылымды дамыту жоспарын әзірлеу туралы тапсырма берді. Екіншісі – қомақты инвестициялар көлемін арттыру. Бұл үшін Президент инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойды.

Бүгінде әріптестерімнен бірге талқылап жатқан маңызды заң жобасының бірі – жаңа Салық кодексі. Бұл құқықтық нормалар мемлекет пен бизнестің қарым-



қатынасын қайта құруға мүмкіндік береді. Ал жаңа Бюджет кодексі мемлекет қазынасын тиімді және үнемдеп жұмсауға себепші болады.

Стратегиялық міндеттерді сенімді атқарып, жауапкершілікті өз мойнына алуда Үкіметтің өкілеті кеңейді. Енді атқарушы билік осы құзыреттерді пайдаланып, экономиканы әртараптандыру, кәсіпкерлік саласын ілгерілету, салық түсімдерін арттыру, инвестиция тарту бағытында өнімді жұмыс істеуі тиіс. Ал Президент Әкімшілігі бұдан былай атқарушы биліктің жұмысына араласпай, басты саяси штаб ретінде ғана жұмыс істейді. Бұл елдегі саяси балансты реттеп, мемлекеттік органдар тиімді жұмыс істеуі үшін керек.

Өткен жылғы әріптесім Абзал Құспанмен бірге халықтың жаппай кредит алып, қарызданғанын Парламент қабырғасында көтеріп, Үкімет басшысына кредиттің пайыз ставкасын төмендету туралы депутаттық сауал жолдадық. Жалпы бұл мәселе қоғамда өзектілігін жоймай тұр, қайта ел тұрғындарының әлеуметтік жағдайын нашарлата түсті. Бұл сураққа да Президент арнайы тоқталып, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру керектігін сөз етті. Билтыр жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң күшіне енді. Борышкерлер құқығын қорғау үшін несие беру туралы банкроттығы туралы заң қолданылды. Енді банктерге, микрокредит ұйымдарына және коллектор агенттіктеріне қойылатын талаптар күшейеді. Бұл орынды талап деп ойлаймын.

Сөзсіз, елде саяси реформалар сәтті жүзеге асуда. Мұны көппартиялы Парламент жасақталып, қазір халықтың мүдде-мұратымен тоғысқан сауалдар көтеріп, ел Үкіметінің іске сергек қарауына түрткі болып отырғанынан көруге болады. Елдігіміз тұғырлы, мемлекеттілігіміз мәңгі болу үшін билік пен халық бірлесе бел буып, іске кірісу керек. Мұндай мақсат «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасы іске асқанда ғана шынайы болады. Сұхбаттың ең түйінді тұсы да осы.

Қажымұрат НӘСИҰЛЫ,
білім беру саласының үздігі,
«Ұлттық мүдде – елдік кеңес»
ҚБ мүшесі, ардагер ұстаз:БӘРІ АШЫҚ,
БҮКПЕСІЗ АЙТЫЛДЫ

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің бас басшылығы – «Egemen Qazaqstan» газетіне шыққан «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» деген сұхбаты барша қазақстандықтың көңілінен толық шықты деп есептеймін.

Президентіміздің бұл сұхбаты – қаңтар оқиғасынан кейін басталған еліміздің жаңа тарихи кезеңіне берілген шынайы баға. Әділетті Қазақстан құру бағдарламасының саяси-экономикалық және әлеуметтік реформаларының бастамалары іске асып, одан әрі алдағы 5 жылда тереңдетіле жалғасын табатыны айтылды. Жаңа экономикалық үлгіге көшіп, 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді екі есе арттыру – негізгі стратегиялық мақсат. Сонымен қатар идеология саласында ұлттымыздың жаңа сапасын қалыптастыру ісінің қолға алынатыны айтылды.

Сұхбатта ашық айтылған маңызды мәселенің бірі – көптен бері нақты айтылмай жүрген қаңтар оқиғасының себептері мен



оны ұйымдастырушы, арандаушы топтар анықталды. Бас прокуратура тергеуінің нәтижесінде қаңтар оқиғасының шығу себебі – 2019 жылдан бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық және әлеуметтік батыл реформаларына қарсы бағытталып, мемлекеттік төңкеріс жасау болғаны анықталды.

Президенттің ашық, бүкпесіз сұхбаты Мемлекет басшының жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатына деген сенімімізді бұрынғыдан да нығайта түсті. 30 жылдық өтпелі кезеңде заңды жалпағынан басып, елді тонағандардың жолы кесіле бастады. Ескі жүйені ансайтындарға тосқауыл қойылды. Осы сұхбатта бәрі толық айтылды. Қытайдан да қорықпайық, өзіміз ауыр өнеркәсіп пен жеңіл өнеркәсіпті толық іске қосқанша, Қытайдың экономикалық күшін пайдалану әзірше тиімді. Ұлттық мүдде, идеология туралы Президент көп айтты, был мектептерде ұлттық тәрбие мәселесі нақты көтерілді.

Сақтаған СӘДУАҚАСОВ,
Amanat партиясы Астана қалалық
филиалының атқарушы хатшысы:

ЖАҢА КЕЗЕҢДІ АЙҚЫНДАП БЕРДІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбаты еліміздің саяси даму жолындағы жаңа кезеңді айқындап берді. Сұхбатты оқи отырып, ел тарихындағы оқиғаларға шолу жасап, маңызды кезеңде өмір сүріп жатқанымызды тағы бір

рет түсінеміз. 2023 жыл еліміз үшін айтулы оқиғаларға толы болды. Мемлекеттік деңгейде бірқатар стратегиялық шешім қабылданып, ауқымды өзгерістер мен Президент бастамаларын қолдайтын қоғамның да өзгергенін байқауға болады. Елімізде «Халық үніне



құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру жалғасуда. Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарға қойылатын басты талап – қоғам пікірімен санасу. Билік қоғамның талап-тілегін тыңдап,

Дархан МЫҢБАЙ,
қоғам қайраткері:ХАЛҚЫМЫЗДЫ ЫДЫРАТАТЫН
ЕМЕС, БІРІКТІРЕТІН ЖОЛ КЕРЕК

– Осынау күрделі әрі аса маңызды міндет аумалы-төкпелі заманда ешқайсымызды да, ешкімді де адастыра қоймас. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіндегі сұхбатында көпшілікті толғандырып жүрген бірқатар мәселе бойынша өз тұжырымдарын, пікірлері мен ұстанымдарын жария етті. Соның ішінде халықтың тұрмысына әсер ететін, мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқаны сөз болды. Қазіргі салық жүйесі, негізінен, төлем жинау тәсіліне құрылғаны жасырын емес. Салық төлеушілерге, инвесторларға барынша ыңғайлы, қолайлы жағдай жасаған өзге елдердің тәжірибелерін зерделеп, ескеру керек деп ойлаймыз. Қазір параға сатылатын,

соңынан шатылатын тұстарды билік білмесе де, қарапайым халық біліп отыр. Өйткені көптен бері сарытап, жауыр болған тақырып. Ол – мемлекеттік сатып алу (тендер) және мемлекет пен жеке сектордың серіктестігін реттеу тәжірибесі. Ал енді оны тез арада жою Үкіметтің қолынан келе ме, келмей ме, оны уақыт көрсетер.

Сонымен бірге Мемлекет басшысының «атом энергиясын пайдалануды геосаяси мүдде емес, нақты қажеттілік пен мүмкіндіктер тұрғысынан қарастырып, ғылыми зерттеулер негізінде шешкен жөн» деген уәжі көпке ой салатыны сөзсіз. Осы орайда, тиісті сала білгірлері мен білікті сарапшылары үні неге мардымсыз? Елде бұйығы мамандар тілін тістеп отыра бере ме? Содан кейін ел ішінде әр түрлі алыпқашпа әңгіме тамыр жая бастайды.



Әрине, АЭС құрылысына қатысты соңғы сөзді референдум арқылы халқымыз айтуға тиіс. Сондай-ақ сұхбатта көрші мемлекеттерге байланысты келтірілген деректер мен дәйектердің орны бар, жөні де қисынды. Өткен жылғы он айдың ішіндегі тауар айналымының мөлшері Ресеймен 21,4 миллиард долларға артып, Қытаймен 24,3 миллиард долларға, яғни жаңа рекордтық көрсеткішке жеткені көп нәрсені аңғартса керек. Дінімізде «көріш ақысы – тәнір ақысы» деп бекер айтылды. Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынасты жоғары дәрежеге көтеруге бәрін етіп, нығайта түскен Президент Қ.Тоқаев: «Елімізде

Аделя ТУХБАТОВА,
Астаналық Қазақстан халқы ассамблеясы
журналистер клубының жетекшісі:

ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА КӨҢІЛ АУДАРДЫ

– Еліміздегі алғашқы жұмыс аптасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен «Қазақ газеттерінің» бас директоры Дихан Қамзабекұлының арасындағы ауқымды сұхбатымен танысудан басталды. Онда Президент ішкі және сыртқы саясатқа қатысты, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, 2022 жылғы қаңтар оқиғасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық және атом электр станциясының құрылысы тұрғысында сұрақтарға жауап берді.

Өткен жылды қорытындылай келе, Мемлекет басшысы 2023 жылы Қазақстан негізгі саяси реформаларды аяқтауға

жақын қалғанын атап өтті. Соның ішінде:

– Конституциялық сот жұмысын бастады. Шын мәнінде, оның заты түбегейлі өзгерді. Яғни «Конституциялық сот шешімдерінің күшін ешкім жоя алмайды. Оның шешімдеріне, соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты байламдарына күмән келтіруге, Президенттің де еш қақы жоқ» деп түйіндеді.

– Мәжіліс пен мәслихат депутаттарының сайлауы, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері жаңа ереже бойынша өтті. Сонымен қатар біз әділ және бәсеке-



ге қабілетті экономикалық жүйені құра бастадық: экономиканы әртараптандыру және монополиясыздандыру, инфрақұрылымды жаңарту, бизнесті қолдау, инвестиция тарту.

– Әлеуметтік саладағы өте өзекті мәселелер дәйекті түрде шешілді: мектептер мен медициналық мекемелердің құрылысы басталды, Әлеуметтік кодекс енгізілді, дәрігерлер мен мұғалімдердің еңбекақысы көтерілді, Ұлттық

естуі керек, олардың өзекті мәселелеріне жедел және нақты нәтижемен жауап беруі тиіс. «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидатын берік ұстанған жөн. Халық өміріне, мемлекет тағдырына тікелей әсер ететін шешімдер де көпшіліктің қатысуымен және мақұлдауымен қабылданатын оң тәжірибе қалыптасты. Бұл – Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының өміршеңдігі мен нақты іске асып жатқанының айқын дәлелі.

Қытайға қатысты баяғы қасаң түсініктерге негізделген немесе бізге сырттан тағылан жөнсіз үрей болмауға тиіс. Қазіргі Қытай – өте жоғары дамыған, соның ішінде озық технология саласында зор табысқа жеткен мемлекет. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Сондықтан шығармаға көршімізбен ынтымақта болу, достық қарым-қатынас пен өзара сенімнің артықшылықтарын тиімді пайдалану Қазақстан үшін аса маңызды» деп ашық түрде атап көрсетті.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы сапалы ұлт деңгейіне көтерілу үшін ең басты міндетті тағы да айқындап берді: «Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Ұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс».

Жалпы дер кезінде айтылған әңгіме өзегі оқырманға жақсы әсер етеді, оның дәлелі мен жауабының өзі көпшілікке ой тастайды, бірлікке жұмылдырып, іс-әрекетке ұмтылдырады.

қордан балаларға арналған аударымдар туралы заң қабылданды.

Бұл ретте өз сұхбатында Мемлекет басшысы стратегиялық ұлттық бағдарларымызды назардан тыс қалдырмау керектігін ерекше атап өтті.

«Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс. Бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Тағы да қайталаймын, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаның, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар» деді Президент.

Міне, осы ұстанымдар бәрімізді біріктіруге керек.

Ерлан ДӘКЕНОВ,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАР
ЖАЛҒАСАДЫ

– Мемлекет басшысының бұл сұхбатынан айқын аңғарғанымыз, 2023 жылы бастау алған ауқымды реформалар 2024 жылы жалғасын таппақ. Негізгі мақсатымыз – жаңа экономикалық үлгіге көшу, жалпы ішкі өнімді 2029 жылға қарай екі есе арттыру. Ол үшін екі негізгі бағыт ұсынылды: ауқымды өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру, инвестиция тарту және мемлекет пен бизнес қатынасын қайта қарастыратын Салық кодексі мен тиімді әрі үнемдеп жұмсау қағидасына негізделген Бюджет кодексінің қалыптастыруы.

Жаңа жылдың бірінші тоқсанында экономикалық, қоғамдық-саяси, гуманитарлық бағыттағы мәселелерге ерекше назар аударылмақ. Елімізде бірқатар халықаралық форум мен саммит өтеді, соның ішінде Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу жоспарда бар. Бұл мәдениет саласында айтулы оқиға болары сөзсіз. Мемлекет басшысы сұхбатында халық көкейінде жүрген қаңтар оқиғасына, қосарланған билік жүйесіне, саяси тұтқындарға қатысты сұрақтарға ашық жауап берді. Аталған жағдайларға қатысты



нақты позициясын көрсетті. Ең бастысы, жіберілген қателіктерден нәтиже шығарылды. Яғни әділ әрі теңгерімді саяси жүйе құру үшін Конституциялық сот қалпына келтірілді, негізгі ұстанымдар біржола бекітілді, Мәжіліс жаңа сайлау жүйесімен жасақталатын болды.

Борышкерлер мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Олардың құқығын қорғау үшін шағын несие ұйымдарына және коллектор агенттіктеріне деген талап күшейтілмек. Алайда бұл

мәселенің ең тиімді шешімі – қаржы сауаттылығын арттыру. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жылу-электр орталығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы мүшкіл жағдай көп жылғы салғырттықтың нәтижесі екенін атап өтті.

Жүйелі қарастыруды талап ететін мәселенің бірі – АЭС құрылысы. Бұл – бүкіл халықтың референдумда қарастырылып, халықпен шешілетін сұрақ. Сұхбат барысында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-шаралар жүзеге асып жатқаны айтылды. Енді полиция қызметкерлеріне іс қозғау үшін жапа шеккен адамның арзыуы қажет емес. Екінші рет татуласу мүмкіндігі берілмейді. Сонымен қатар Президент тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты петиция назардан тыс қалмайтынына кепілдік берді.



Сұлтан СЕЙІТ

ҚАР ТАЗАЛАУ ҚАРҚЫНДЫ

Астананың апталап жауған ақ ұлпасы қаланың коммуналдық сала қызметінің жұмысын күшейтті. Бүгінде елордада қар күреу ісі қыза түсті. Жолдар аршылып, аулалар мен көшелерді қардан тазарту күн тәртібіндегі негізгі мәселенің біріне айналды. Осы жұмысқа 1600-ден астам арнайы техника мен 2500-ге жуық жол жұмысшысы жұмылдырылды.

Қардың үздіксіз жаууына байланысты бас қаланың коммуналдық қызметі тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Соңғы тәулікте шаһар аумағынан шамамен 50 мың текше метр қар шығарылды, қар полигонына жөнелтілген рейс саны 3444-ке жетті.

Түнгі ауысымда 1500-ден астам арнайы техника мен 400-ге жуық жол жұмысшысы көшелердің қарын күреуге шықты. Олар тротуарларды, қоғамдық орындарды, қоғамдық көлік аялдамаларын, жерүсті өткелдерін тазалауда.

Бүгінгі таңда Алматы ау-

данында жолдардағы көлік қатынасының үзілмеуін және жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында арнайы техникалар жұмылдырылып, қар тазалау жұмысы қызу жүргізілуде. Бұл ретте аудан әкімдігі аппараты өндіріс-техника бөлімінің бас маманы Нұрғазы Үсен осы бағытта атқарылып жатқан жұмысқа тоқталды.

– Қазіргі таңда ауысымына 500-ден аса арнайы жабдықталған техника іске қосылды, сондай-ақ 650-ден аса жол тазалаушы қызметкер жұмылдырылған. Күні кеше ауысымда ауданымыз бойын-

ша 15783 текше метр жердің қары полигонға жөнелтілді. Қыс мезгілі басталғалы бері Алматы ауданы бойынша 385933 текше метр аумақтан қар шығарылды, – деді Нұрғазы Үсен.

Астана аумағындағы қар тазарту жұмысы қаланың барлық 5 ауданында жүргізіліп жатыр. Есіл ауданының аумағын тазарту жұмысы жалғасуда. Қар тазалағыштар жол бөлігіндегі қарды күреп, жол қызметкерлері мен шағын арнайы техникалар жаяу жүргіншілер жолын, көлік тұрақтарын, аулаішілік аумақтарды тазартуды белсенді жүргізуде. Бұл бағытта барлығы

327 техника, 340 жұмысшы тазалауға жұмылдырылған.

Нұра ауданының жолдарын қардан 414 адам мен 297 арнайы техника тазартуда. Мұндағы мектептерге, ауруханаларға апарар жолдар мен тротуарларды, көшелерді, аулалар мен үйдің ішкі жолдарында тазалау жұмысы қарқынды жүргізілуде.

Сарыарқа ауданы бойынша қар тазалау жұмысына 700-ден астам жұмысшы және 600-ден астам коммуналдық техника жұмылдырылды. Олар алдымен жаяу жүргіншілер жолын, аялдамалар маңын, әлеуметтік нысандарға апаратын жолдар және ауданның басты көшелерін қардан тазартуда. Қыс маусымы басталғалы бері аудан аумағынан 300 текше метрден астам қар шығарылды.

Елордада бірнеше жабдықталған қар полигоны жұмыс істейді. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған. Мамандардың мәлімдеуінше, қыс мезгілі басталғалы бері елордада 1654224 текше метр қар шығарылған. Қар полигонына жөнелтілген рейс саны 121 мыңнан асты.

Мамандар қар тазалау кезінде елордалықтардың көліктерін жол бойында қалдырмауын сұрайды. Көлік құралын басқарғанда сақтық шараларын сақтап, абай болуға шақырады.

Жаяу жүргіншілер тротуарлармен жүрген кезде сақ болуы, белгіленген орындар арқылы ғана көшелерден өтуі қажет, сол сияқты қарттар мен балаларға көмек көрсеткені жөн.

ӘУЕЖАЙ ЖОЛАҒЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Елорда әуежайындағы ұшу және қону жолақтарын күрделі жөндеу сәуір айында басталады. Жобаны іске асыру инвестордың жеке қаражаты есебінен жүргізіледі. Бұл туралы Астана халықаралық әуежайында ұшу-қону жолағы мен әуе айлағын күрделі жөндеуден өткізу шарасы бойынша өткен алғашқы жиын барысында Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі Талғат Ластаев мәлім етті.

Жиынға Қазақстандағы азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік органдардың басшылары, ҚР мемлекеттік күзет қызметінің және Сыртқы істер министрлігінің өкілдері, әуежайды басқаруға алған Terminals Holding, Terminals Astana Airport Management LLP басшылығы қатысты.

Вице-министрдің мәлімдеуінше, Астана әуежайындағы ұшу-қону жолағын күрделі жөндеу көктемде басталады. Жөндеу кезінде әуежай жұмысын жалғастырады, тек күндізгі уақытта ұшу және қону шектеулі болуы мүмкін. Әуежай салынғаннан бері онда тек ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді. Мұндай жөндеу соңғы рет 2023 жылдың жазында болды.

– Халық тарапынан да, Мемлекет басшысының тарапынан да Астана халықаралық әуежайының ұшу-қону жолағына қатысты әділ сын айтылып жүр. Сондықтан біз үшін елорда әуежайының әуе айлағын толықтай күрделі жөндеуден өткізу аса маңызды. Әуе айлағы мен ұшу-қону жолағы күрделі жөндеуден өткен жағдайда Астана әуежайының транзиттік потенциалы артып, ұшу қауіпсіздігі жаңа деңгейге көтеріледі. Жүк рейстерін көбірек қабылдауға әуежайдың техникалық мүмкіндігі артады, – деді Талғат Ластаев.

Қазақстан Үкіметінің Астана халықаралық әуежайын басқаруға алған шетелдік инвесторға қойған бірден-бір маңызды міндеті – әуежайдың ұшу-қону жолағын жақын арада күрделі жөндеуден өткізу. Бұл ретте вице-министр Аста-

на халықаралық әуежайының әуе айлағы салынғаннан бері онда тек ағымдағы жөндеу жұмысының жүргізілгенін, елорда әуежайының ұшу-қону жолағы соңғы рет былтыр шілде-тамыз айларында күрделі жөндеуден өткенін жеткізді.

Абу-Дабиден тікелей бейнеқоңырауға шыққан Terminals Holding компаниясының өкілдері әуе айлағын күрделі жөндеуден өткізуге қарқынды дайындық жүргізіп жатқанын айтты. Инвесторлар қаңтар-ақпан айларында жобалық-сметалық құжаттаманы саралап, ақпан айының соңы мен наурыздың басында мердігерді анықтауға ниетті. Алдын ала жоспар бойынша наурыздың ортасына қарай мердігер Астана қаласына барлық ресурсын жұмылдыру керек. Инвесторлардың жоспары бойынша ауа райы қолайсыздық тудырмаса, сәуірдің басына қарай әуе айлағында күрделі жөндеу басталады.

Алдын ала жоспар бойынша күрделі жөндеу 12 айға созылады. Алайда күрделі жөндеу кезінде әуежай жұмысын жалғастырады. Ұшу және қонуға күндізгі мезгілде ғана шектеу қойылуы мүмкін.

«Инвесторлардың жоспары бойынша ауа райы қолайсыздық тудырмаса, сәуір айының басында әуе айлағында күрделі жөндеу басталуы тиіс. Алдын ала жасалған жоспарға сәйкес, күрделі жөндеу жұмысы 12 айға созылады. Алайда күрделі жөндеу кезінде әуежай жұмысын жалғастырады. Ұшу мен қону күндізгі уақытта ғана шектелуі мүмкін» деді вице-министр.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

Отбасындағы ұрыс-керіс пен түрлі жанжалдың алдын алу және тұрмыстық зомбылықтың өсуіне жол бермеу мақсатында атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Бұл туралы коммуникация қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның мүшесі Баян Тойкебаева мәлімдеді.

Оның айтуынша, өткен жылы елімізде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жаза күшейді. Енді полиция қызметкерлері жәбірленушінің өтінішінсіз істі бастай алады, ал ерлі-зайыпты татуласу үшін сотқа бір рет қана бара алады.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл мәселені бақылауда ұстап отырғаны қуантады. Мемлекет басшысы республикалық газетке берген сұхбатында құқық бұзушылар үшін жазаны қатандату туралы тағы да айтты. Биыл біз елеулі өзгерістерді күтеміз. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрі бойынша қылмыстық жазаны қатандату болады. Сондай-ақ халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес «жұмыс орнындағы жыныстық қудалау» ұғымын айқындауды қамтитын еңбек қатынасы саласындағы заңнама жетілдіріледі. Ішкі істер министрлігінде биыл құқық қорғау органдарының әйел қызметкерлерін барынша

тарта отырып, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімше құрылады. Дағдарыс орталығының саны артады, отбасы-тұрмыс саласындағы зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға әлеуметтік-психологиялық түзету практикасы енгізіледі, – деді Баян Тойкебаева.

Сондай-ақ ол елорданың әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия отбасының беделін көтеру, неке институтын нығайту, отбасы құндылығын насихаттау және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірқатар кешенді шара жүргізгенін, қоғамдық жұмыс шеңберінде қиын өмірлік жағдайға тап болған немесе отбасында зорлық-зомбылыққа тап болған отбасыларға психологиялық, құқықтық, әлеуметтік көмек көрсетілгенін атап өтті.

Отбасы, әйелдер мен балаларға қатысты мәселені егжей-тегжейлі зерттеу үшін комиссия жанынан өткен жылы үш жұмыс тобы құрылды. Бұл – кәсіпкерлік, бастамашылық, шығармашылық идеялар сияқты бағыттарды қамтитын «Әйелдер көшбасшылығы» тобы. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері мен проблемаларын шешу, әйелдердің құқығы мен қолдауының теңсіздігі бойынша «Өмірлік қиын жағдайдағы әйелдер» жеке тобы жұмыс істейді.

«Отбасы құндылығы» жұмыс тобында ұлттық мәдениет, дәстүр, жалпыадамзаттық құндылықтар мәселелері қаралады. Әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия бірқатар қалалық басқармамен, үкіметтік емес ұйыммен және БАҚ-пен бірге белсенді жұмыс істейді. Бұл көптеген мәселені жұртшылықтың қарауына шығаруға және халықтың, атап айтқанда, әйелдер мен көпбалалы



отбасылардың туындайтын проблемаларын уақытылы шешуге мүмкіндік береді.

– Елордалық комиссия 2023 жылы 50-ге жуық іс-шараны жүзеге асырды. Сонымен қатар 50-ден астам әйел құқықтық қолдау мен психологиялық көмек алды, 7 адамға адвокаттың көмегі тегін берілді, 2 отбасы дағдарыс орталығына орналасты. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына тұрғын үйді жалға алуға көмек көрсетілді. Көбі азық-түлік, көмір және киім-кешек алды. «Мектепке жол» акциясы аясында 150 балаға мектепке

керек-жарақ сатып алынды. Кеңес беру кездесулері «Үміт», «Қорғау – Астана», «Бақытты отбасы», «Аналар үйі», «Жанұя» дағдарыс орталықтарында өтеді. Онда әлеуметтік жәрдемақы алу, АӘК, жұмысқа орналасу, тұрғын үй, балабақшаға орналасу, балалар мен отбасыларды психологиялық және заңгерлік сүйемелдеу мәселелері қаралады, – деді Баян Тойкебаева.

Кәмелетке толмағандар арасында және балалар тәрбиеленетін әлеуметтік емес өмір салтын жүргізетін отбасылармен үлкен жұмысты «Жанұя» дағдарыс

орталығы жүргізеді. Былтыр 9 мыңнан астам әйелге көмек көрсетілді, 286 отбасы тексерілді, тағы 249 адам қабылданды. Республикалық өкелер кеңесінің қолдауымен отбасындағы «дебоширлермен» 43 түзету кездесуі ұйымдастырылды.

Жалпы дағдарыс орталықтары туралы айтатын болсақ, елордада 75 орындық 4 баспана жұмыс істейді. 2023 жылы олар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 211 құрбаны мен өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар, оның ішінде 63 әйел мен 148 баланы қабылдады.

**Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**

САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Адамдардың сапалы өмір салтын қалыптастыру жоғары жылдамдықты интернетке тікелей байланысты. Өйткені сервистік қызметтің барлық саласы интернеттегі ресурстар арқылы іске асады. Екінші деңгейлі банктердегі ақша аударымынан бастап ұшаққа немесе пойызға билет алу, тіпті театрға бару және тағы басқа қызмет түрлері интернетке байланды. Ал сымсыз технология – 5G-дің мүмкіндігі 4G-мен салыстырғанда 100 есеге дейін жоғары болады. Мамандар секундына 10 Гб-қа дейін ақпарат алмасуға болатынын айтады. Бүгінде Қытай, Корея сынды елдер 5G-ді өмір шындығына айналдырып, шағын елді мекендеріне дейін таратуды басымдық етті. 2022 жылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Астана, Алматы, Шымкент қаласында 5G желісі іске қосылады дегенімен, толық іске асқан жоқ.

Бұл ретте Астана қаласында интернет сапасын жақсартуға жауапты басқарма басшысы Мейрамбек Әшірбеков былай деді:

«Елордада 5G технологиясын енгізу белсенді жүргізілуде. Бүгінде 120-дан астам 5G базалық станциясы орнатылды. 2025 жылға дейін қосымша 150-ден аса 5G базалық станциясы іске қосылады.

Интернет сапасын жақсарту инфрақұрылымды дамытуды, талшықты-оптикалық байланыс желісін, сымсыз технологиялы 5G-дің базалық станциясын салу және жаңартуды қамтиды. Бұл жұмысты мемлекет және жеке ұйымдар жүзеге асырады.

Елордада ұялы байланыс сапасын жақсарту мақсатында министрлікпен бірлесіп ұялы байланыс және мобильді интернет (3G, 4G) бойынша 67 ақ дақ анықталды. Аудан әкімдіктерімен және байланыс операторларымен бірлесіп базалық станцияларды орнатуға қатысты тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді. 61 тұрғын үй кешенінің тұрғындары келісім берсе, 6 тұрғын үй бойынша жұмыс жалғасуда».

Интернет жылдамдығын арттыруға бағытталған жұмыс жүргізіліп жатқанмен, сапасына көңілі толмайтын адам көп. Ал елордада іргелес орналасқан елді мекендерде интернет қолжетімді ме?

– 5500-ден астам абонент қосылып, 440 шақырым оптикалық кабель тартылды. Яғни әкімдік тұрғын алаптарда талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізуге белсенді кірісті. Бүгінде Железнодорожный, Пригородный, Заречный, Көктал-2 тұрғындары интернетке қол жеткізді. Көктал-1, Үркер, Интернациональный, Оңтүстік-Шығыс, Агроқалашық, Промышленный және Тельманга интернет қосу жұмысы жалғасуда. Күйгенжар, Миучурин, Қоянды саяжай алабында жобалау-зерттеу жұмысы жүргізілуде, – деп жауап берді басқарма басшысы.

ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАЛАЙ ІСКЕ АСУДА?

Қазір әлем елдері цифрландыруды басым бағыт етіп, сервистің қызмет сапасын арттыруға мән беруде. Елордада бұл бағытта жүйелі жұмыс қалыптасып келеді. Мейрамбек Әшірбековтің сөзінше, Астананы қауіпсіз қалаға айналдыруда 27,7 мың камера орнатылып, біріктірілді. Бұл камералар Астана қаласы Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылды. Ал цифрлық трансформация бойынша әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінің 100 функциясын автоматтандыру жұмысы



ИНТЕРНЕТ – ЦИФРЛАНДЫРУ ҚҰРАЛЫ

Интернет – цифрландыруды іске асыратын негізгі құрал. Тіпті төртінші өнеркәсіптік революцияның негізі. Бұл – озық елдердің ортақ ұстанымы. Сондықтан интернеттің бесінші буынынан бөлек, 6G мен 7G-ді сынақтан өткізіп, жаппай қолданатын кезеңді белгіледі. Мәселен, 2025 жылы АҚШ пен Қытай, 2028 жылы Корея 6G-ді енгізуді жоспарлап отыр. Өңірдегі ауылдарды айпағанның өзінде, Астанада интернеттің жылдамдығы әр-келкі. Үкімет интернет саласын дамытуда «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын қабылдап, 2024-2028 жылдары 151 миллиард теңге жұмсап, ауылдан елордаға дейін интернет сапасын жақсартуды жоспарлады. Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасына хабарласып, интернеттің сапасын арттыруда қандай істер атқарылып жатқанын білдік.

жүргізілуде. 2027 жылға дейін туризм, білім беру, спорт, жер қатынастары, әлеуметтік қорғау және инвестициялар саласында 500-ден астам функцияны автоматтандыру жоспарланды.

Smart Astana мобильді қосымшасы арқылы қоғамдық көліктің қозғалысын бақылау, сондай-ақ оқу және спорт мекемелері, ұйымдар және басқа да қызметтер туралы білуге болады. Smart Astana қосымшасында 60-тан астам сервис жұмыс істесе, жүктеу саны 300 мыңнан асты.

– Инновацияны қолдау және IT саласын дамыту басымдыққа ие. 60-тан астам стартап жобасы қаралды, оның 10-ы қанатқақты режим ретінде таңдалды. Бұл бастама жас кәсіпкерлерге өз идеясын іске асыруға көмектеседі. iKomek109 орталығы тұрғындардың жайлы және қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз етуге арналған «ақылды қаланың» ажырамас бөлігіне айналды. Осы уақытқа дейін iKomek-ке 11 миллионнан астам өтініш тіркелді. Жыл басынан Астана қаласы әкімдігінің қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығына 1633 мыңнан астам өтініш түсті. Ал QalaQyzmet бірыңғай терезе қағидаты бойынша тұрғын үй-коммуналдық сектор ұйымдарының қызметтерін ұсынады. Орталық ашылған сәттен бастап барлығы 150 қызмет түрі іске асып, 550 мыңнан астам қызмет көрсетілді, – деді басқарма басшысы Мейрамбек Әшірбеков.

QalaQyzmet орталығында «Астана АЭК» АҚ, «Астана-Энергосбыт» ЖШС, «Астана-Теплотранзит» АҚ, «Астана су арнасы» МКК, «Астана ЕРЦ» ЖШС, «Clean City NC» ЖШС, «SPK Astana Development» ЖШС, «1000 орын», «Қазақтелеком», ШЖҚ «Elorda Eco System» МКК ұйымының қызмет түрлерін алуға мүмкіндік бар.

Қазір адамның сапалы өмір сүруіне керек сервистік қызмет түрлері смартфон мен планшетке біріккен. Ал ұялы байланыс құралына жоғары жылдамдықты интернет керек-ақ. Ендеше Smart Astana, QalaQyzmet, iKomek109 қызметіне жүгіну үшін интернеттің сапалы болғаны дұрыс.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ЖАҢАЛЫҒЫ

Басқарма басшысынан осының мән-жайын түсіндіріп беруді сұрадық. Өйткені шалғайдағы елді мекендермен қатар бас қаладағы интернеттің сапасын арттыру маңызды.

– «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында Астана қаласының әкімдігі ұялы байланыс операторларымен бірлесіп, операторлардың базалық станциясы үшін антенна-дінгек құрылысын орнатуды жоспарлап отыр. Бұл өз кезегінде елордадағы ұялы байланыстың сапасын жақсартады. 2024 жылы интернет-провайдерлермен бірлесіп Өндіріс, Киричанный және Казгородок секілді 3 тұрғын алапта талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргіземіз, – деді салаға жауапты басшы Мейрамбек Әшірбеков.

2024-2027 жылға дейінгі кезеңді қамтитын «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын іске асыруға бюджеттен және бюджеттен тыс қаржы көзінен 1,5 триллион теңге бөлінеді. 2025 жылдың соңына дейін 5G республикалық маңызы бар қалалар мен барлық облыс орталығына қосылады. Бастысы, республикалық және облыстық автожолдарды мобильді интернетпен қамту үшін цифрлық инфрақұрылым жүргізіледі. Сөйтіп, межелі уақытқа дейін ел тұрғындарын 100 пайыз жылдамдығы жоғары интернетпен қамтып, елдің өңірдегі цифрлық хаб ретіндегі позициясын нығайтады. Жоспар межелі, мақсат

сапалы орындалғанын күтеміз. Болмаса, ел аумағында COVID-19 тарап, төтенше жағдай жариялап, ауылдағы балаларымыз үйден оққан кездері интернеттің сапасын көрдік. Мектеп мұғалімдері үй телефонына жүгініп тапсырма беріп, сабақ түсіндіргені әлі есімізде.

«Қолжетімді интернет» бағдарламасының бір мақсаты – әлем елдерінің интернет жылдамдығын саралайтын рейтингте өз позициясын жоғарылату.

Қырқүйек айында әлемнің 181 еліндегі интернет жылдамдығы сараланып, рейтингте Гонконг көш бастады. Бұл елде 265,17 Мбит/с жылдамдықтағы интернет қолжетімді. Гонконг билігі жыл сайын интернет жылдамдығын арттыруға ұдайы көңіл бөлетінін көруге болады. Мәселен, 2018 жылы 136,43 Мбит/с ұстаса, 2022 жылы 186,02-ге жетті. Алғашқы ондыққа Сингапур, Чили, Біріккен Араб Әмірлігі, Таиланд, АҚШ, Қытай, Дания, Испания 259-187 Мбит/с-пен енді. Қазақстанды алғашқы жиырмалықтан, тіпті отыздықтан таба алмадық. Өзбекстан 91-орында болса, Беларусь – 92, Қырғызстан – 93, Никарагуа – 94, Албания – 95, Қазақстан 96-орыннан көрінді. Шүкір, алғашқы жүздіктің ішіне ендік. Интернет жылдамдығын талдайтын веб-сервис – speedtest. net біздің елдегі интернеттің жылдамдығын 48,59 Мбит/с деп бағалапты.

2027 жылға дейін ел тұрғындарын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етіп, Гонконгке жетпесек те, Таиландтың деңгейіне көтерілуге мүмкіндік болатын шығар. Үкіметтің міндеті – жоспарды іске асыру, біздің міндет – соған сену. Сендік. Енді іске асуын асыға күтеміз. Өйткені шағын және орта бизнестің де, тіпті тұтас мемлекеттің де дамуы интернетке тәуелді болып тұр.

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАРДЫ ТЕКСЕРУ ЗАҢСЫЗ КӘСІПКЕРЛІКТІ АНЫҚТАЙДЫ

Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен брифингте банк аударымдары және жалпыға бірдей декларацияның 3-кезеңі туралы айтылды.

Брифингке қатысқан Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жеке тұлғаларды әкімшілендіру және жалпыға бірдей декларациялау бөлімінің басшысы Ерасыл Бораш, Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті камералдық мониторинг басқарма басшысының міндетін атқарушы Анвар Бекжуманов мобильді аударымдарды тексерудің маңызы мен қажеті туралы кеңінен түсіндіріп берді.

Спикерлердің айтуынша, бұдан былай банктер тек белгіленген критерийлерге сәйкес келетін тұлғалардың дерегін әр жыл бойынша беріп отырады.

– Мобильді аударымдарды тексеру заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығаруға бағытталып отыр. Тек әртүрлі тұлғалардан үш ай қатарынан ай сайын 100 немесе одан да көп мобильді аударымдар алған тұлғаларды ғана, яғни кәсіпкерлік қызметтің белгілері байқалған жағдайда тексеру жүргізіледі. Бұл жерде айта кететін жайт, жеке тұлғалар өздерінің жеке мақсаты үшін, яғни туыстарына, достарына аударымдар, ата-аналар мен балаларға көмек және басқа да өмірлік жағдайлар үшін мобильді аударымдарды жасап, қабылдай алады. Алайда мұндай аударымдар бір реттік болғандықтан, оны декларациялаудың қажеті жоқ, – деп отыр мамандар.

Осы ретте кәсіпкерлерге төлемдерді арнайы бизнес шоттарына қабылдау ұсынылады. Кәсіпкерлердің төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдаудан бас тартқан жағдайда алғашында әкімшілік жауапкершілікке тартылып, ескерту жасалады, ал қайталап бұзған жағдайда 147680 теңге (40 АЕК) көлемінде айыппұл салынады (ӘҚБтК-нің 194-бабы). Анықталған бұзушылықтар туралы ақпарат пен хабарлама жіберіледі. Салық төлеуші бұзушылықтармен келісетін болса, ол жеке кәсіпкерді тіркеуге немесе табыстың декларацияланбаған сомасын көрсететін қосымша декларация ұсынуға тиіс. Ал егер салық төлеуші бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ол бұзушылықтардың жоғы туралы түсініктеме және оны растайтын құжаттарды беруге құқылы.

Жеке кәсіпкерді тіркеусіз қызмет жасағаны үшін 15-тен 100 АЕК-ке дейін айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Кірістерді жасырғаны үшін – төленбеген салық сомасының 200 пайыз мөлшерінде, ал қайталанған жағдайда 300 пайыз айыппұл салынады. Чек бермегені үшін 15-тен 50 АЕК-ке дейін айыппұл қарастырылған. Бақылау шаралары адал салық төлеушілерге әсер етпейді.

Салық кодексіне сәйкес, Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілді және 4 кезеңде өтуде. 2023 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері және олардың жұбайлары декларация тапсыра бастады, онда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша деректер көрсетілді. 2024 жылдан бастап заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары, 2025 жылдан бастап азаматтардың қалған санаттары, яғни елдің барлық ересек тұрғындары декларация тапсырады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда 10 мың АЕК-тен аспайтын қолма-қол ақша көрсетіледі. Қазақстан аумағынан тыс мүлік бұл жер учаскелері, үйлер, кеңселер, шетелдегі банк шоттарындағы ақша, Қазақстан аумағынан тыс жерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі, бағалы қағаздардың болуы туралы мәліметтер, дебиторлық, кредиторлық берешек, банктерге және банктерге берешекті қоспағанда, құжат нотариалды куәландырылған болуы тиіс.

Қазақстанда тіркелген жылжымалы және жылжымайтын мүлік, банк шоттары сияқты мәліметтер өкілетті органдарда бар болғандықтан, декларацияда көрсетілмейді.

Декларацияны Мемлекеттік кірістер органдарына 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде электронды түрде немесе «салық төлеушінің кабинеті» арқылы қағаз үлгіде (cabinet.salyk.kz), «электрондық үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ e-Salyq Azamat мобильді қосымшасы арқылы, тұрғылықты жері бойынша тапсыруға болады.

Нұрболат АДЫРБЕК

Райхан РАХМЕТОВА

Аталған емхананың қалада 4 жерде филиалы бар, тағы 3 филиалын биыл ашу жоспарланып отыр. Осы желілердің бәрін 20 жылдық тәжірибесі бар дәрігер Қанат Дүйсенбаев басқарады. Оның айтуынша, бұл емханалар желісі Астанада жұмысын 2022 жылы бастаған. Қазір барлық филиалдарында 71 мыңдай адам тіркелген болса, біз барған емханада 40 мыңдай адам тіркеуде. Әлі де 10 мыңнан астам адамды қабылдауға мүмкіндік бар. Ашылғанының арқасында қаладағы мемлекеттік №15 емхана мен басқа да шағын жеке емханаларға түсіп тұрған жүктеме біраз азайып, тұрғындардың жартысы осында жіберілген. Бес қабатты ғимараттың бірінші қабатында профилактика бөлімшесі бар, ол жерде адамдар дәрігерге дейінгі тексеруден өтеді, одан әрі екінші қабатта Жалпы практикалық дәрігерлер бөлімшелерінің қызметіне жүгінеді. Үшінші қабатта акушерлік-гинекологиялық бөлімше орналасқан, ол жерде қазіргі таңда 600-ге жуық жүкті әйел қаралауда. Осы қабатта сонымен



ЕМХАНАЛАР ЖЕЛІСІ ДАМУДА

Елордада халық санының ұдайы өсіп келе жатқанын ескерсек, медициналық мекемелерге деген қажеттілік әлі де арта береді. Бұл мәселені шешуде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік қызметі белсенді қолданылады. Бес жыл ішінде Астана қаласының әкімдігі 3 мемлекеттік емхана салынады және 12 жеке емхана ашылады деп жоспарлап отыр. Жеке емханалар да мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істеп, халыққа МӘМС жүйесі арқылы тегін қызмет көрсетеді. Сондай емдеу мекемелерінің бірі – былтыр тәуелсіздік күні Мемлекет басшысының қатысуымен сол жағалаудан «City» емханасының жаңа филиалы ашылған еді. Осы емханалар желісінің Алматы ауданындағы филиалына барып, олардың халыққа ұсынатын медициналық қызметтеріндегі ерекшеліктерімен таныстық.



қатар консультациялық-диагностикалық және функционалды диагностикалық бөлімше жұмыс істейді. Төртінші қабатта 22 төсек орындық күндізгі стационар бар. Соңғы бесінші қабатта оңалту бөлімшесі мен әкімшілік басқару персоналы отырады.

Жалпы барлық төрт филиалда 500-ге жуық маман жұмыс істейді, соның ішінде 250-ге жуығы осы филиалда. Бөлімшелерде медициналық персонал жеткілікті болғанмен күн сайын халықпен тікелей қарым-қатынас жүргізіп, адамдарды жиі қабылдайтын Жалпы практикалық дәрігерлер бойынша кадр тұрақсыздығы бар.

– Оған себеп бұл сала дәрігерлері күніне бірнеше рет адамдарды қабылдау барысында түрлі мінездегі пациенттердің ауыр сөзін, өздеріне қарата айтылған негізсіз реніштерін көп естиді. Басқа жақтан қиындық көрседі бәрін соларға айтып, ішкі теріс энергиясын төгіп кетеді. Келген адамдар ақ-қарасын ажыратпай жатып, оларды тілдеп, шаршатпай жібереді. Сол себепті бұл мамандар жұмыстан тез ығыры шығып, шыдамай екі-үш ай істеп кетіп қалады. Жалпы қазіргі адамдарда күйзеліске төзімділік деңгейі төмен. Бұл жағынан дәрігерлер де адам баласы, – дейді бас дәрігер.

Бытыр осындай Жалпы практикалық дәрігерлер қабылдауында 272783 адам болған, яғни әр ауысымда мұндай бөлімшелер дәрігерлері 450 адамға дейін қабылдаған. Жалпы практикалық дәрігер дегеніміз – педиатр мен терапевт қызметін қатар атқарып, ересек адамды да, балаларды да қабылдайтын мамандар.

Олардан бөлек, емханада 6 мектеп бар, яғни Босандыруға дайындау мектебі, мұнда бытыр 554 адамға сабақ өткізілген, екіншісі, Жас аналар мектебі, онда 324 адамға, үшінші Дені сау бала мектебінде 280 бала бойынша сабақ болған. Төртіншісі, «Белсенді ұзақ өмір сүру» мектебінде 397 егде жастағылар оқытылған.

мологиялық операцияларды да, басқа да хирургиялық емді қажет ететін процедураларды атқаруға арналған барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған амбулаториялық хирургия орталығы бар, – дейді емхана басшысы.

Осындай мүмкіндіктерді қала тұрғындары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы тегін ала алатынын айтқан дәрігер кейбір қызметтер мен анықтамалардың ақылы болу себептерін түсіндірді.

– Мәселен, кей емханаларда 075 анықтамасына лицензия болмауы мүмкін. Оны өзіңіз тіркелген емханадан ала алмасаңыз, ақылы түрдегі медициналық клиникалардан алуға тура келеді. Негізі бұл анықтама тіркеулі тұрған 18 жасқа дейінгі балаларға тегін беріледі. Сол сияқты Денсаулық сақтау министрлігі арқылы біздің көрсетуімізге рұқсат етілген



Жалпы барлық үш филиалда 500-ге жуық маман жұмыс істейді, соның ішінде 250-ге жуығы осы филиалда. Бөлімшелерде медициналық персонал жеткілікті болғанмен күн сайын халықпен тікелей қарым-қатынас жүргізіп, адамдарды жиі қабылдайтын Жалпы практикалық дәрігерлер бойынша кадр тұрақсыздығы бар



қызметтерді ғана халыққа тегін ұсынамыз, бізге көрсетуге бекітілмеген қызметті қанша талап етсе де көрсетуге қақымыз жоқ, бәрі заң шеңберінде орындалады, – дейді Қ.Дүйсенбаев.

Сонымен қатар оның айтуынша, халықтың өз денсаулығын күтуде әлі де сауаты төмен, дәрігер мен пациент арасындағы ниеттестік деген жоқ.

– Мысалы, халықты жалынып жүріп скринингтен өтуге шақыра алмаймыз. Біразы әрнәрсені сылтау етіп келмей жүріп алады, тіпті кейбірі «мазаны алма» деп ұрып тастайды. Сосын дер кезінде қаралмағасын бір қатерлі ауруы әбден асқынып кеткенде бір-ақ келеді де, бәріне кінәлі біз болып шығамыз. Осы жағынан әркім өз денсаулығын үнемі қадағалап отыруға мән берсе екен дейміз. Себебі қазіргі таңда денсаулыққа кері әсер ететін факторлар айналамызда өте көп. Соның бәрінен сақтанып, Жапон халқы сияқты жылына екі рет болмаса да 12 айда бір рет тәніңіздің саулығын сүзгіден өткізіп отырсаңыз, «Сақтансаң, сақтаймын» деген сол болады, – дейді маман.

Бүгінгі таңда елордада барлық жұмыс істеп тұрған емханалардың жоспарлы қуаттылығы ауысымына 11 мың келушіні қамтиды, ал нақты келушілер саны 19 мың, яғни жүктеме екі есе көп. Жалпы Астанада 1,5 миллион адамға қызмет көрсететін 44 емхана бар. Олардың басым бөлігі – осы «City» сияқты мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істейтін емханалар. Мұндай емханалар саны болашақта артпаға кемірек емес. Бастысы, олар өз құзіреті шеңберінде халыққа медициналық қызметтерді сапалы және тегін көрсетуі керек. Себебі әрбір жұмыс істейтін адамның ай сайын жалақысынан ұсталып, МӘМС бойынша жиналатын ақшасы бар. Емханаға қаралған бүгінгі әрбір азамат өзінің осы салымдарының пайдасын, тиімділігін көргісі келеді. Ал қала тұрғындары дәрігер нұсқауын дұрыс орындап, денсаулығына бірінші кезекте өзінің жауапты екенін жете ұғынса сау ұлт ретінде қалыптасарымыз сөзсіз.

ТҰЗДЫ ҚАНША ТҰТЫНУ КЕРЕК?

Күніне қанша мөлшерде тұз қолданасыз? Оны санап көрдіңіз бе? Әрине, тұз – ағзаның дұрыс және толассыз қызмет етіп отыруына қажет натрий хлориді. Тұз ағзадағы сұйықтықтың тепе-теңдігін, бұлшық еттің жиырылуы мен босаңсуын, жүйке жүйесіндегі импульсті реттеу сияқты маңызды қызметтерді атқарады. Алайда оны шамадан тыс пайдаланатын болсақ, ол созылмалы жұқпалы емес аурулардың пайда болу қаупін тудырады.



ДДҰ ұсынысы бойынша ересек адамдар күніне 5 граммнан артық тұз пайдаланбауы керек. 5 грамм дегеніміз – бұл 1 шәй қасық. Балалар тамағында тәулігіне тек 2 грамм ғана тұз болуы қажет. Ал соңғы рет 2017 жылы ДДҰ мен Қазақ тағамтану академиясы бірлесіп жүргізген зерттеулер бойынша Қазақстанда орташа есеппен әрбір азамат тәулігіне 17,8 грамм тұз пайдаланатынын анықталды. Бұл жоғарыда айтылған шамадан 4 есе көп. Тұзды бұлай артық тәулігіне 17,8 грамм тұз пайдаланатынын анықталды. Бұл жоғарыда айтылған шамадан 4 есе көп. Тұзды бұлай артық тәулігіне 17,8 грамм тұз пайдаланатынын анықталды.

Тұздың өзін тіке салып жемесек те, жасырын түрде құрамында тұз көп болатын тамақтар болады. Олар фабрикаларда дайындалған шұжықтарда, консервіленген тағамдарда көп кездеседі. Сондықтан консервіленген тағамдарды пайдаланғанда ішіндегі суын төгіп, өнімін жуып барып тұтынығанымыз жөн. Сонымен қатар балалар жақсы көретін чипсы сияқты

тағамдар құрамында да тұз көп болады. Күнделікті біздің ағзамызға артығымен түсетін тұздың 70 пайызы осы дайын өнімдерден келеді.

Тұздың мөлшерін күнделікті тағамдар құрамынан қалай азайтуға болады? Негізі табиғи өнімдер құрамында онсыз да тұз болғандықтан, тамаққа тұз қоспай жеуге болады. Бірақ адамдар оған үйренбеген, сондықтан оның орнын түрлі дәмдеуіштер арқылы алмастырған жөн. Салатқа да тұздың орнына сірке суы, лимон шырыны, сарымсақ сияқты дәмдеуіштер қосқан абзал. Дүкендерден тұз сатып аларда «йодталған» деген логотипі барын алу керек. Сондай-ақ тұздың орнына арамасын ашқаннан кейін әр пайдаланған сайын бетін жауып қойып отыру қажет, себебі ашық тұрса, бойындағы тамақтар болады. Олар фабрикаларда дайындалған шұжықтарда, консервіленген тағамдарда көп кездеседі. Сондықтан консервіленген тағамдарды пайдаланғанда ішіндегі суын төгіп, өнімін жуып барып тұтынығанымыз жөн. Сонымен қатар балалар жақсы көретін чипсы сияқты

Салтанат НАЗАРОВА, Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының басқарушы директоры

ҚАРТАЮ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

- **Жүйелі физикалық белсенділік пен үйлестірілген тамақтану** егде жастағы адамдардың денсаулығына әсер ететін негізгі факторлар болып табылады.
- **Салауатты өмір салты өмір бойы мәнзиді.** Салауатты әдеттерді ұстануды бастау өшпесін кеші емес!

ТАМАҚТАНУ

- Көкөністер мен жемістерге бай жән қалт, тұз, май немесе қанжықпен майлау бай, терек ешкірмен тағамдарды тұтынуға ықпал ететін диета суы құрғатпақын еліт болып табылады. Жирлерге тәуір диетаға мәнз болуы керек.
- Күнделікті қан дәлелері 400 г немесе бес порция жемістер мен көкөністерді тұтыну қажет.
- Каймақ су ілуге тырысыңыз.
- Қант мөлшері жоғары тағамдарды (сояға ішкендә тәтті сусындар) және тұзды тұтыну күтуді болу керек.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ БЕЛСЕНДІЛІГІ

- Атқарып келген 150 минут орташа қарқынды аэробтық физикалық белсенділікті орындау егде жастағы адамдарда барлық себептерден болатын өлім құрғын азайтады.
- Өмір бойы физикалық белсенділікті болуы және дұрыс тамақтану аэробтық жаттығуларды ұстауы, қатерлі ісік, қант диабеті, демалыс және холестерин деңгейінің төмендеуіне әсер етеді.
- Осы жас топтарының физикалық белсенділікті еденде жоғары қарқындылығы барлық себептерден болатын өлім құрғын азайтады.
- Функционалділік пен тұрақтылықты арттыруға, сондай-ақ құрғатып, құрғатып, құрғатып және суық тақырыптың жеткізуіне қолдану жеткізуіне баса назар аударатын физикалық белсенділікті қолдану түрлері ұсынылады.
- Төменгі шегімен бас тұтынушылар қан емес төменгі шегімен бас тұтынушылар, қан емес және қансыз жасартуға ықпал ете отырып, су қармағандарымен бірге ағартушылар жеткізуіне қолдану.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНЕ ҚАРТАЙЫН АҚШАМАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚИРАТ ДИРЕКТОРЫ

ASTANA AQSHAMY

№4 (4592) 11/01/2024 Бейсенбі

Бір ел азаматтарының ақаусыз өмір сүруінде азық-түлік пен ауызсудың сапасы айрықша маңызды. Әсіресе, сау денелі ұрпақ тәрбиелеу үшін балаларды денсаулыққа пайдалы кенеулі тағамдармен азықтандырудың маңызы тіптен жоғары. БҰҰ-ның мәліметінше, жер шарында күніне орта есеппен 1,6 миллион адам қауіпті тағамдарды тұтынудан зардап шексе, жыл сайын ластанған тағамды жегеннен 420 мың адам қайтыс болады екен, сондай-ақ 5 жастан төменгі балалардың сапасыз тамақтан улану деңгейі 40 пайызды құрайды.



ТАҒАМНАН ТӨНГЕН ҚАУІП

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

АУРУ – АСТАН

Ендеше, біздің елімізде бұл мәселеге қаншалық назар аударылып отыр? Балаларды қауіпсіз азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырмыз ба? Шетелден енгізілген, балалар қызығып жейтін дайын азық-түліктердің сапасы қандай? Оны санитарлық-эпидемиологиялық орындар жіті қадағалап, бақылап отыр ма деген сұрақтарға жауап іздеп, қала базарларын аралап анализ жасап көрдік.

«Ауру – астан» деп атаң қазақ айтқандай, таза, құнарлы тағам денге қуат болса, сапасыз азық-түлік денсаулықты құртып, ауруға душар қылатыны көпке мәлім. Қалалар аяқ алысының тездеуіне байланысты халқымыздың азықтану әдеті де үлкен өзгеріске ұшырады. Бұрынғыдай сусынға сүт, тамаққа ет жеп жүре беретін жағдай мүлде өзгеріп, шетелдің тамақтану дағдысына қарай ойыса бастады. Соның әсерінен сүт ішпейтін, ет жемейтін ұрпақ көбейді. Есесіне, ешқандай кенеуі жоқ тағамдарды жеу етек алып барады.

Екінші дүниежүзілік соғыста атом қаруының ауыр зардабын көрген Жапон елі балалардың денесіндегі атом сәулесінің әрбір азайтып, ұлт саулығын қалпына келтіру үшін оқу жасындағы балаларға күніне бір кесе сиыр сүтін ішуді бұйырған екен. Бұл шешімнің дұрыс болғанын 50 жылдан кейінгі зерттеу нәтижесінен байқаған Қытай да соңғы жылдары бастауыш мектеп оқушыларына тегін сүт тарата бастады. Қазақстан да соңғы кездері мектеп оқушыларының ас мәзіріне ұлттық тағамдарды енгізді. Бұл – қуанарлық жағдай. Дегенмен, сапасыз сүт көтермейтін, адам түгілі, ит жесе ауырып қалатын қытайдың кенеуісіз азық-түліктерін еліміздің азық-түлік дүкендерінде қаптап кетуі жұртты алаңдатып отыр.

ҚЫТАЙ ТАҒАМЫНЫҢ ҚАУІП ҚАНДАЙ?

Үстіндегі киімінен тартып, аяғындағы шұлығына дейін Қытайдан таситын Қазақстан нарығында Қытайдың ұсақ-түйек тағам өнімдері де көбейді. Әсіресе, балалар бір жесе дәндей алатын Қытайдың ашы-тұшы дайын

тамақтары топқа тарататын ірі базарларда, мектеп төңірегіндегі дүкендердің сөресінде самсап тұр. Сол дүкендерге ара-тұра кіре қалсаңыз, Қытайдың «қоқыс тағамдарын» қомағайлана жеп тұрған балаларды көресіз. Халал, харамын былай қойғанда, ол неден жасалған, адам денесіне қандай залалы бар екеніне назар аударып жатқан ешкім жоқ.

«Кенеуісіз тағамдар», яғни «қоқыс тағамдар» деген атау, әрине, қазақстандықтардың құлағына түрпідей тиюі мүмкін. «Жейтін тамақты қоқыс деуге бола ма?» деп біздің сөзімізге сескене қарайтындар да табылар. Бірақ бұл – біз ойлап тапқан атау емес, халық арасында бар, қалыптасқан атау.

Қоқыс тағамдар (Қытайша: 垃圾食品, ағылшынша: Junk Food) қант және май мөлшерден тыс қосылған, жоғары калориялы, құрамында диеталық талшықтар, ақуыз, витамин, минералдар мүлде жоқ, керісінше адам денесіне аса ауыр залал келтіретін натрий сияқты элементтер бар, тұз бен бұрышқа шыланған құнарсыз тағамдарды меңзейді. Ол HFSS Food деп те аталады, яғни құрамында май, тұз және қант көп (High in Fat, Salt and Sugar), түрлі хош иісті дәмдеуіштер мейлінше көп қосылған, дәмі тіл үйіретін, татқаннан таңдайында қалып, жеген адамды «жерік» қылатын сапасыз ұсақ-түйек азық-түліктердің барлығы «Қоқыс тағамдар» деп аталады. Жарғақ қалталарға салынып, ауамен жанаспайтын етіп (қалтаның ішіндегі ауаны сорғызып, вакуумдап тастаған) қорапталған бұл тағамдарды көкөніс қалдықтарынан, әртүрлі жануарлардың өлексесінен де жасай береді. Тұз бен бұрышқа өте көп шыланғандықтан, құрамы өзгеріп шірісе де сасық иіс шығып, бұзылған дәмі білінбейді. Пісіріп отыруды қажет етпейтін бұл тағамдар «дайын азық» ретінде балалардың жол-жөнекей жейтін дәмді құжырына айналған. Жоғарыда айтқанымыздай, иісі аңқып, дәмі тіл үйіретін бұл тамақты жеген бала оңай құмартып қалады да, есірткіге тәуелді адамдай, екінші рет тағы жемесе тұра алмайтын күйге түседі.

ҚАНДАЙ ЗАЛАЛЫ БАР?

Жақында АҚШ-тың «Fox News» телеарнасы «қоқыс тағамдардың

балалардың денсаулығына бірнеше түрлі зақым жеткізетінін жинақтап шықты.

Метаболизмді бұзады. «Obesity» журналында жарияланған зерттеу кенеуісіз тағамдардың метаболизмге әсер етуі мүмкін екенін анықтады. Колледждің денсаулығы жақсы 12 студенті 5 күн қатарынан кенеуісіз тағамдарды тұтынғаннан кейін, олардың бұлшықеттерінің глюкозаны энергияға айналдыру қуаты айтарлықтай төмендеген. Бұл өзгеріс метаболизмнің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Әлі азайып, шаршап тұрады. Қант мөлшерден көп қосылған тағамдарды жегеннен кейін, қандағы қант мөлшері тез көтеріліп, инсулиннің көп мөлшерде бөлінуін тездетеді. Денедегі бұл өзгерістер адамды шаршап тұратын дел-сал күйге әкеледі. Артерия тарылады. Фаст-фудты жеу тамырларды тез зақымдауы мүмкін. Канадалықтардың зерттеуі көрсеткендей, дені сау адамға майға шыланған дайын тағамдарды жегізе, екі сағаттан кейін оның артерия қабырғалары 24%-ға тарылып, жоғары қан қысымы мен жүрек ауруларын тудыруы мүмкін.

Назарын шоғырландыра алмайды. Кембридж университетінің зерттеушілері тышқандарға арналған эксперименттерді қолданып, 9 күн бойы тышқандарға жоғарыда айтылған кенеуісіз тағамдарды жегізгенде тышқандар қағылездігін айырылып қалған. Бұл зиянды тағамның зейінді бұзуы және кез келген өрекетті орындауға ебедейсіздік тудыратынын көрсетеді.

Ұсқыннан айырады. «Immunity» журналында жарияланған жаңа зерттеу нәтижесі кенеуісіз қоқыс тағамдар адамды аздырып ұсқынсыз етіп көрсетуі мүмкін екенін аңғартты, сондай-ақ теріде де үлкен өзгерістер туылып, әртүрлі қатерлі ауруларға душар қылатыны анықталған.

Өзіне тәуелді етіп, ішек қызметін бұзады. Зерттеулер көрсеткендей, аталған тағамдар мидағы допаминнің бөлінуін аздырып, ас қорыту жүйесін бұзады. Мұнан сырт, сапасыз тағамнан ұланып, жан тапсыру мүмкіндігі де өте жоғары. Көп



Зерттеулер көрсеткендей, қоқыс тағамдар мидағы допаминнің бөлінуін арттырады да, қанша жесе тоймайтын, жеген сайын жей бергісі келетін әдетке кіріптар болады. Сондай-ақ ішек қызметін әлсіретіп, ас қорыту жүйесін бұзады. Мұнан сырт, сапасыз тағамнан ұланып, жан тапсыру мүмкіндігі де өте жоғары. Көп жеген балалар есейе келе белсіздік-бедеулік дертіне шалдығуы да ықтимал

жеген балалар есейе келе белсіздік-бедеулік дертіне шалдығуы да ықтимал.

ТАЛАПТАР НЕГЕ ОРЫНДАЛМАЙ?

Ең қорқыныштысы, «қоқыс тағамдардың» көбін мемлекеттің тексеруінен өткен, азық-түлік қауіпсіздігін қатаң сақтайтын ірі зауыттарда емес, ақшаға құныққан ашкөздер өз үйінің жергелерінде жасайды. Тағамның құрамын былай қойғанда оның материалы сақталатын және мәнерленетін орынның тазалығының көрген адам лоқсып, есінен танып қалады. Қытай билігі мұндай залалды азықтықтарды өндірушілермен ұдайы күресіп келе жатқанына талай жыл болса да, тамырына балта шауып, түбегейлі аластай алмай отыр. Сол сапасыз азық-түліктердің кесірінен ұланып өлетін балалар да аз емес. Бұл жағдайды ата-аналар да көріп біліп отырғанымен, тұтас қоғам болып құрықтай алмай отыр. Енді сол сапасыз

шарттары, дайындаушының атауы және орналасқан жері, пайдалану жөніндегі ұсынымдар және (немесе) шектеулер, тағамдық құндылық көрсеткіштері, гендік – түрлендірілген организмдердің болуы туралы мәліметтер, Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі көрсетіледі. Мұндай ақпарат Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілінде болуға тиіс, қысқаша ғана мәліметті орысша жазып қол салуға да болмайды, – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Азық-түлік тауарларына арналған техникалық регламенттерді бақылау басқармасының басшысы Әйгерім Садубаева.

ТЕКСЕРУГЕ НЕГЕ ҚАУҚАРСЫЗ?

Әйгерім Садубаева «Тамақ өнімдерін таңбалауға қойылатын талаптардың орындалуын бақылауды халықтың санэпид саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ тұтынушыларды қорғау саласындағы уәкілетті орган жүргізетінін» де атап өтті. Алайда біз сапасыз, уақыты өткен азық-түлік сатқан дүкендерді қолмен нұсқап тұрсақ та бұл мәселеге жауапты мекемелер оларды тексеріп, жауапқа тарта алмайтын болып шықты. Өйткені «2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылауды барып жүргізуді тоқтатсын» деген мораторий олардың аузын бұйып, аяқтарын тұсап қойған.

– Кәсіпкерлерді тексеру мораторийіне байланысты біз кез келген кәсіпкерлік субъектілеріне барып тіке тексеру жүргізе алмаймыз. Тек жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар шағым түсіргенде (сатып алған чегі, залалы жайлы нақты дәлелдермен) ғана тексере аламыз. Оның өзінде Бас прокуратура мемемесінің қатысты органдарының рұқсаты керек, – дейді Астана қаласы техникалық регламенттерді сақтау бөлімінің басшысы Қарлығаш Абдішова.

Міне, 2024 жылдың табалдырығын да аттадық. Мораторий аяқталғанымен, тиісті орындардан біз күткендей жедел қимыл байқалмайды. Астана қалалық техникалық регламенттерді сақтау бөліміне қайта хабарласқанымызда сол баяғы «Тұрғындардан шағым түссе және оның адам денсаулығына залалды екенін нақты дәлелмен көрсете алса, прокуратураның рұқсатымен тексеріс жүргізе аламыз» деген жауапты естідік. «Сонда ешкім шағымданбаса, импорттық тамақ өнімдерін таңбалауға қойылатын талаптарды өрескел бұзып отырған тағамдарға шектеу салынбай ма?» деген сұрағымызға «тексеріс басталғаннан кейін қаптама-сында аудармасы жоқ тауарларды міндетті түрде тексеріске аламыз» деді. «Қашан тексерісдер?» десек, «Денсаулық сақтау министрлігінен тексеру тәртібі келген жоқ, сізге нақты уақыты керек болса, сол жақтан сұрайсыз» деген сүйреп салма жауап алдық. Демек, бұл залалды азық-түлікке халық болып қарсы тұрмаса, қуырлы органдардың жедел қимылдайтын түрі жоқ.

P.S: Елімізге дендеп кіріп келе жатқан мұндай залалды азықтармен ел болып күреспесек, ертең ұлттың келешегі – жас ұрпақтардың денсаулығына қауіп төніп, тұқымымыз түздей құртынып күйге түсеміз. Ақшаға құныққан кәсіпкерлер күреп ақша табуды ғана көздесе, сауда орындары да оған көз жұма қарауда. Әсіресе, заңды органдардың өз жауапкершілігін толық атқарып, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне мән бермей, мораторийді көлденең тартуы ел тағдырын, ұлт денсаулығын елемей отырғанын көрсетсе керек.

ЖЫЛ АКТРИСАСЫ

ҚАЗАҚ КЕЛІНІНІҢ
КЕЛБЕТІ

Киносы шыққаннан кейін 48 жыл өткенде қойылымы Астананың Музыкалық жас көрермен театрында алғаш сахналанған әйгілі «Гауһартастас» туындысы талай таланттардың жұлдызын жақты. Көгілдір экран арқылы сұлу да тәрбиелі қазақ келінінің образын сомдаған танымал актриса Жанна Қуанышеваны да кезінде осы шығармадағы Салтанат рөлі атақ-даңққа бөледі. Ал повесть желісімен былтырғы премьерасынан бері 157 рет қойылған театрдағы спектаклінде дарынды актриса Инабат Ризабекова нағыз қазақ келінінің эталонын шынайы болмысымен бейнелеп, көрермен көзайымына айналды.

Райхан
РАХМЕТОВА

«Umai-2023» ұлттық сыйлығын жеңіп алған музыкалық драманы өткен жылы 70 мыңнан астам көрермен тамашалапты. Көптің жүрегің жаулаған «Гауһартастас» көруге еліміздің өзге аймақтарынан да келетін көрермендер аз емес. Спектакль соңында көзге жас үйіріліп, көңіл босайтыны сонша көрермен тамаша әдеби шығарманы сахна төрінде әулеткен актерлер құрамының еңбегіне толассыз қосымша еңбегің жатады. Премьерасынан бері қойылымның аншлағы аз емес. Билеттер сатылуына шыққан күні-ақ жылдам өтіп кетеді. Жалпы қойылымды сомдайтын актерлердің үш құрамы, яғни Салтанатты ойнайтын үш актриса бар. Солардың ішінде Инабат былтыр қойылымды бастапқыда бірінші құрамда жалғыз, кейіннен жаңадан қосылған екі құрамдағы әріптестерімен алмасып 100-ге жуық рет ойнаған. Актрлік шеберлігіне қоса әншілік өнерімен тамсандырған Инабат «Гауһартастас» қойылымындағы (авторы – Д.Исабеков, режиссері – А.Маамиров) осы Салтанат рөлі үшін былтыр «Сыншылар жұлдесі – 2023» марапаттау кешінде «Жыл актрисасы – 2023» жұлдісіне ие болды.

Сахна адамы болса да, өмірде сабырлы, биязы мінездің иесі екені бірден байқалған Инабат Шығыс Қазақстан облысы Тарабағатай ауданы Ақжар ауылында дүниеге келіпті. Актрисаға өнер нағашыларынан дарып, алғаш ән айту қабілеті әкесінің 50 жас мерейтойында байқалған. Содан бастап ата-анасы оны үнемі қолдап, мектепте талай байқауларға қатыстырған. 9-сыныптан кейін Алматыдағы П.Чайковский атындағы музыкалық колледжде эстрадалық вокал бойынша орын болмай, хор дирижері мамандығына грантқа оқуға түседі. Одан әрі Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында музыкалық театр әртісі мамандығы бойынша 2014-2018 жылдар аралығында жоғары білім, кейінгі тағы екі жылда магистрлік білім алады. Үшінші курстан бастап, оқуын дуальді жүйе бойынша жалғастырып, елордадағы «Astana Musical» театрында еңбек жолын бастайды. Сахнадағы бірінші дебюттік рөлін осы театрда 2017 жылы «Қыз Жібек» қойылымындағы басты рөлден бастады. 2020 жылы елорда төрінде Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ашылған Музыкалық жас көрермен театрында жұмысын жалғастырды.

– Бүгінде театрда 7 спектакльде рөлдерім бар. «Chanel №5» қойылымында – Дәмеш рөлі, «Шәмшіде» – Роза Бағла-

нова, «Жылы орында» – Анна Павловна, «Махаббат бар ма?» қойылымында – Кәусар, «Гауһартаста» – Салтанат, «Қыз Жібекте» – Жібек, былтыр желтоқсанда сахналанған «Қоштасқым келмейді» спектаклінде Катя рөлдерін сомдаймын. Ал қазір дайындық жүргізіп, премьерасы бір айдан соң болатын «Мадемуазель Нитуш» қойылымында Нитуштың рөлін ойнаймын, – дейді актриса.

«Гауһартастас» музыкалық драма ретінде қойылғандықтан оған актрисалар таңдағанда вокалдық жағынан даусының күші бар, диапазоны кең, ән айта алатын актрисаларға басымдық берілген. Себебі Бибігүл Төлегенова сияқты опера жұлдызы орындаған «Гауһартастас» әнін «мен» деген әншілердің өзі жетеріне жеткізіп айта алмайды. Ал актрисаларға бұл тұрғыда өзіндік әншілік қабілет керек.

– Кез келген режиссер белгілі бір рөлге актерді бекітер алдында оны шамасы келеді-ау деген адамға ұсынады. Негізі бұл орындалуы қиын ән, оның мәтіні жағынан бірнеше нұсқасы бар, әнді дайындауда дарынды әнші Света Айтбаева апайымыздың көмегіне көп жүгіндік. Екіншіден, Салтанат образына болмысы ұқсайтын актрисаларға назар аударылды. Өзім де үлкен бір әулеттің келінімін, осы жағынан да келін рөлін сомдауға бір құрамға мен таңдалдым. Бір жыл бұрын осындай драма қойылатыны айтыла бастағаннан дереу киносын қайталап көріп, Дулат атамның кітабын тағы терең зерделеп, оқып шықтым. Жалпы қойылымның өзін дайындауға 6 ай уақыт кетті. Сол аралықта біздің бүкіл актерлік құрам тек «Гауһартастас» деп оянып, соны талқылап ұйқыға кетіп жүрді, расын айтқанда, бәріміз осы қойылыммен «ауырдық». Кітабын оқыған кезде көз алдыма елестетіп тұрып, тамсанып отырып оқыдым, өзімді сол рөлде «көрдім». Салтанатқа бірден ғашық болдым, образы мені бірден баурап алды. Басты кейіпкердің өзінмен ұқсас тұстарын және несімен

ұқсамайтынын да анықтап, өз рөлдімді толық зерттедім. Одан кейін вокалдық жағынан ұзақ дайындалдым. Бүкіл актерлік құрам таңнан кешке дейін дайындықты үзбедік, премьераға жақындағанда таңға дейін қалып дайындалатынбыз. Себебі осындай классикалық әдеби шығарманы сахнаға алғаш рет алып шығу үлкен жауапкершілік жүктеді. Оның үстіне премьерасына повесть авторы Дулат атамыз да келетін болды. Міне, сол күн-түн демей еткен еңбек ақталып жатыр, келген әрбір көрерменнің ыстық ықыласына бөлендік, халықтың батасын алдық. Сондықтан сахнаға шыққан сайын өзімді бақытты сезінемін. Тіпті сахнаға ауырып шықсам да сол сәтте бәрін ұмытып, тек Салтанат образына кіріп кетемін, – дейді Инабат.

Оның айтуынша, шығармада көтерілген мәселе содан бері жарты ғасыр өтсе де әлі де өзекті. Қазіргі дәуірмен ұқсастықтары өте көп. Бүгінгі таңдағы отбасындағы зорлық-зомбылық туралы күн сайын тарайтын ақпараттар – соның айғағы.

– Бұл қойылымда ене мен келінінің, қайнысы мен жеңешесінің арасындағы қарым-қатынас, келінінің атасына деген құрметі, ерлі-зайыптылар арасындағы түрлі сезім көрсетіледі. Әрине, ол кезде тәрбие басқа, қазақ қызының, келінінің болмысы сәл өзгеше болуы мүмкін. Тәртіп қатты. Дегенмен ақ-қараны театр қойылымдары арқылы сырттай бақылаумен ажыратқан көрерменге бұл көп ой салады. Біз ойнап тұрғанда залда тіпті кейбір ер адамдардың да жылап отырғанын байқаймыз. Қойылым біткен соң олар бізге келіп: «Сахнадан өзімді, әйелімді көргендей болдым» деп қойылым оларға қатты әсер еткенін айтады. Көрерменнің бұлай ақтарылуы, залда жылап отыруы біздің жүрегімізді одан сайын елжіретіп, сенімдімізді арттырды, өзіміздің дұрыс бағытта екенімізді түсіндірді, – дейді ол.

Жалпы қойылымның көрермен жүрегің жаулап алуында режиссерлік жұмыстан бастап бүкіл

актрлік құрамның, сахна сыртындағы басқа да қызметкерлердің қосар үлесі өте зор. Ең бірінші кезекте сахнадағы шынайылық үлкен рөл ойнайды. Сосын әрбір актердің жақындағанда таңға дейін қалып дайындалатынбыз. Себебі осындай классикалық әдеби шығарманы сахнаға алғаш рет алып шығу үлкен жауапкершілік жүктеді. Оның үстіне премьерасына повесть авторы Дулат атамыз да келетін болды. Міне, сол күн-түн демей еткен еңбек ақталып жатыр, келген әрбір көрерменнің ыстық ықыласына бөлендік, халықтың батасын алдық. Сондықтан сахнаға шыққан сайын өзімді бақытты сезінемін. Тіпті сахнаға ауырып шықсам да сол сәтте бәрін ұмытып, тек Салтанат образына кіріп кетемін, – дейді Инабат.

Атыраудың келіні Инабаттың жұбайы Оразалы да – осы театрдың белді актері. Екеуін табыстырған театрда олар сияқты барлығы 14 жұп отбасы бар. Инабаттың актерлік өміріндегі ең жүрегіне ыстық қойылым «Қыз Жібекте» екеуі Жібек пен Төлегеннің рөлін сомдап жүріп, ерлі-біріне шынайы өмірде де ғашық болып қалады. Қойылымға дайындық барысын көрген марқұм Құман Тастанбеков басты рөлдегі екі актердің сезімін бірден байқап, жақында бір жаңа жұп пайда болатынын айтқан екен және жас театр ұжымына батасын беріп кеткен. Сөйтіп көп ұзамай бұл сезімнің соңы үйлену тойына жалғасып, екі жас дүниеге келген қызының есімін Жібек деп қояды. Ерін өзінен жоғары қоятын қазақ әйеліне тән қасиетпен Инабат та жұбайының бойындағы қабілетін биік бағалап, оның актерлік өнердегі тәжірибесі мол екенін, осындай жетістікке тек соның қолдауымен жетіп жүргенін ақтарыла баяндады. Болашақта қазіргіден басқаша тарихи тұлғаларды және жағымсыз кейіпкерлерді де сомдап, шығармашылығын шыңдай түсуді, театр деген ұлы өнердің шыңына жетуді армандайды. Жас та дарынды шығармашылық иелерін өнерде де, өмірде де тәрбиелеп отырған театр директоры әрі режиссері Асхат Маамировтің осы тұрғыда еңбегі орасан зор. Ұжымды шығармашылық жағынан үнемі дамытып, тәрбие мен адалдықты өсиет ететін басшыны Инабат та, театрдағы әрбір актер де өнердегі әкесі, өнегелі тәлімгері санайды.

Кейінгі жылдары елімізде «Қазақстанның Құрметті азаматы», «Қазақ журналистикасының қайраткері», «Қазақ өнерінің қайраткері», «Ұлт қайраткері», тағы осы секілді атаулары дардай, іс жүзінде еш салмағы жоқ атақтар қаптап кетті. Бұл – ақша жасау мақсатында қоғамдық ұйымдар тағайындаған марапаттар. Бір қызығы, сондай атақтарды алуға құмар, алып жатқан адамдар саны жеткілікті.

АРЗАН АТАҚТА
АБЫРОЙ ЖОҚ

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Атақ кумай, тіпті, соған лайық болып тұрса да, мемлекеттік жоғары атақтардан бас тартқандар да кездеседі. Әрине, оның әртүрлі себептері бар. Ең басты себебі, алдында тиісті атақты алмаған таутұлға тұрғанда, соның алдына түсіп кетпеу, ар-ұяттан аттамау.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен өткен жылы «Қазақстанның халық әртісі» атағы қайтарылды. 1999 жылы бұл атақты беру тоқтатылып, XXI ғасырда ешкімге берілмеді. Ширек ғасырға жуық уақыт үзілістен соң, былтыр сегіз адам Қазақстанның халық әртісі атанды. Олардың қатарында танымал театр және кино актерлері Дінмұхаммед (Димаш) Ахимов, Дулыға Ақмолда, Михаил Тоқарев, опера әншілері Шахмардан Әбілов пен Талғат Күзембаев, әншілер Рамазан Стамғазиев пен Димаш Құдайбергенов және күйші Айгүл Үлкенбаева болды. Өз басымыз бұл тізімнен көрнекті күйші-композитор Секен Тұрысбекті де көргіміз келген. Бақсақ, Секен Кәрімұлы бұл атақты 1998 жылы алуы тиіс болса да, алмай бас тартқан.

Оның себебін күйші жақында «Абай» телеарнасындағы «Сарасөз» бағдарламасына берген сұхбатында айтып берді. Сұхбат алушы ақын Нәзіра Бердалының тиісті сұрағына: «Біздің беткеуіміз Құрманғазы оркестрінің концертмейстері Тұяқберді Шәмел керемет домбырашы еді. Сол баласынан айырылды... Ондай қасиеттен Құдай сақтасын! Сондықтан «халық әртісі» Тұяқберді ағамызға берсеңіздер кішкене болса да көңіліне медеу бола ма, демей бола ма деп ұсыныс айттым» деді Секен Тұрысбек. Сол 1998 жылы Тұяқберді Шәмел Қазақстанның халық әртісі атанды.

Секен Кәрімұлының пікірінше, қазір халық әртісі атағына лайық бірден-бір адам – күйші-композитор, дирижер Айтқали Жайымов. «Айтқали ағамыз – бәріміздің ұстазымыз. Оның алдына түсу – менің ұғымымда ұят нәрсе. Ол кісі 76-ға келді, енді қашан алады?! Қандай дирижер! Домбырашылығы сұмдық, деңгейі Рысбай Ғабдиевтер тектес. Құрманғазы оркестрінде 16 жыл істеді, Астана филармониясындағы қазақ оркестрі мүшелерінің

санын 100 адамға жеткізді» деді Секен Тұрысбек.

Шынымен, Айтқали Жайымовтың ұлттық музыка өнеріне бергені көп. Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестріне келгеніне биыл 16 жыл болады. Шаршамай, талмай, әлі күнге дейін еңбек етіп келе жатыр. Алдағы ақпан айында филармонияның концерт залында ұлы Арман Жайыммен бірігіп жазған «Бейбарыс» операсының (либретто авторлары – Ұлықбек Есдәулет пен Айтқали Жайымов) концерттік қойылымын ұсынбақ. Ал Секен Тұрысбекке келсек, күйші-композитор атақтан кенде емес. Отыз жастан енді асқан шағында Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атанды. Екі жыл бұрын Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын иеленді. Жақында биыл берілетін бұл атаққа өтінімдер қабылдау басталды. Күйші-композитордың Мемлекеттік сыйлыққа қатысты да өзіндік пікірі бар.

«Мемлекеттік сыйлықты нағыз туындыгер, жаңалық әкелген шығармашылық адамна беру керек. Мысалы, Кеңес Дүйсекеев не жазып еді?! Жеті рет ұсынылды... Оның әндерін бала кезімізден тыңдайтынбыз. Сол кісі Мемлекеттік сыйлықты алса екен деп күтіп жүрдім. Ақыры алмай, өмірден өтіп кетті» деді Секен Тұрысбек телеарнаға берген сұхбатында.

1996 жылы талантты кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетов Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Сол жылы деректі фильмдердің режиссері Қалила Омаров та осы сыйлыққа ұсынылды. Алайда ол Сатыбалдының алдына түседі деп көрмеді. Сөйтіп бір азаматтық жасады. Бұл туралы «Абай» телеарнасының «Зинһар» бағдарламасында режиссермен сұхбатында айтылды.

Осы мысалдардан әр адам атаққа ұсынылғанда өз ретін, жолын білуі керектігі білінеді деп ойлаймыз. Ал арзан, еш салмағы жоқ атақтар сол атақтарды тағайындағандардың қалтасын қампайтпаса, басқа ештеңе бермейді. Сондай атақтар саналы азаматтардың күлкісі, мысқылын ғана тудырады. Жалпы атақ беруде мемлекеттік реттеу әлі де керек сияқты. Әйтпесе, кейінгі жылдары Мемлекеттік сыйлықты болсын, басқа жоғары атақтарды болсын топтап беру үрдісі пайда болды. Атақ нағыз иесін тапса, азаматқа да, тиісті комиссия мүшелеріне де, елге де – мәртебе.



№4 (4592) 11/01/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

15 ҚАҢТАР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шаңырақ»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 МЕГАХИТ. «ОБИТЕЛЬ ПРОКЛЯТЫХ»
07:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
07:15 «Күйеу бала 2». Телехикая.

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:15 «Маша и медведь» Мультфильм



6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»



07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ», корей телехикаясы.
08:00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»



06:00 Әзіл студия
07:00 «Күліп ALL»
08:10 «Чукур» түрік телехикаясы (повтор)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Тек қана қыздар»
07:30 Т/п «Айнаопline»
08:30 Т/х «Бастық боламын»

HTK

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
07:55 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

16 ҚАҢТАР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шаңырақ»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
07:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 "В ФОКУСЕ"
10:25 "РАССКАЗЫ РУСАЛОЧКИ"

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:15 «Маша и медведь» Мультфильм



6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07:05 «ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ»
08:50 «ЭН МЕН ӘНШІ»
10:00 «МОЯ МАМА-СНЕГУРОЧКА»



06:00 Әзіл студия
07:20 Информбюро (повтор)
08:10 «Чукур» түрік телехикаясы (повтор)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Тек қана қыздар»
07:30 Т/п «Айнаопline»
08:30 Т/х «Бастық боламын»

HTK

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
07:55 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)

СӘРСЕНБІ

17 ҚАҢТАР

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ШАҢЫРАҚ»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
07:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 "МЕКТЕП"

ASTANA TV

06:00 «ЕНЕ» ҮНДІ ТЕЛЕХИКАЯСЫ
06:20 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
07:15 «МАША И МЕДВЕДЬ»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Тек қана қыздар»
07:30 Т/п «Айнаопline»
08:30 Т/х «Бастық боламын»



07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ»
08:00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»
09:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
07:20 ИНФОРМБЮРО (ПОВТОР)
08:10 «ЧУКУР» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
09:00 TIME VINE



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Тек қана қыздар»
07:30 Т/п «Айнаопline»
08:30 Т/х «Бастық боламын»

HTK

Профилактика до 17:00
17:05 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)
17:35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

18 ҚАҢТАР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шаңырақ»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 Телехикая. "Мәдениет үйі"
07:00 Тикелей эфирде "Ояни"
10:00 "Школа"

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:15 «Қош келдіңіз»

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

ЦЕЛИНОГРАД МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ

Тың игерушілердің денсаулық сақтау мәселелерін шешу үшін Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті қаулысымен Тың өлкелік комитеті мен Еңбекшілер депутаттарының өлкелік кеңесінің атқару комитеті 1964 жылы 9 сәуірде «Целиноград қаласында медициналық институт ашу туралы» шешім қабылдады.



Суретте Целиноград мемлекеттік медицина институтының ғымараты. 1971 жылдың тамыз айы.

Сөйтіп 1964-1965 оқу жылында Целиноград қаласында жыл сайын 300 студент қабылдайтын медициналық институт ашылады. Институттың алғашқы ректоры болып академик, елімізге танымал ғалым Станислав Дмитриевич Полетаев тағайындалды. Ол бұл жоғары оқу орнын 1964 жылдан 1970 жылға дейін басқарды. Оның бастамасымен сол кезде институттың барлық негізгі кафедралары құрылды.

Ал 1966-1970 жылдары типтік медициналық институт кешені салынып, қалалық ауруханалар пайдалануға беріле бастады.

Суретте Целиноград мемлекеттік медицина институтының ғымараты. 1971 жылдың тамыз айы.

Фазиза ИСАХАН

Фотосурет Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорынан алынды.



Сұлтан СЕЙІТ



6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ»
08:00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»



06:00 Әзіл студия
07:20 Информбюро (повтор)
08:10 «Чуккур» түрік телехикаясы (повтор)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Тек қана қыздар»
07:30 Т/п «Айнаопіле»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
07:55 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)

00:30 Телехикая «Шыңғашық» (каз.)
01:10 «Y-NIGHT SHOW» (каз.)
01:50 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)

ЖҰМА
19 ҚАҢТАР



6:00 Әнұран
6:05 «Шаңырақ»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «ТАНШОЛПАН».



05:00 Телехикая. "Мәдениет үйі"
07:00 Тикелей эфирде "Әни!"
10:00 "Мәртебелі өнер"



06:00 «Қош келдіңіз»
07:30 «Ене» үнді телехикаясы
08:00 «Маша и медведь» Мультфильм



6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ»
08:00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»



06:00 Әзіл студия
07:20 Информбюро (повтор)
08:10 «Чуккур» түрік телехикаясы (повтор)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Тек қана қыздар»
07:30 Т/п «Айнаопіле»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
07:55 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)

СЕНБІ
20 ҚАҢТАР



6:00 Әнұран
6:05 «Ауылдастар»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «Күй-керуен»



05:00 "КІМ МЫҚТЫ?"
07:00 "YKIM"
10:00 МЕГАХИТ. "СОВЕТНИК"



06:00 «Қош келдіңіз»
06:50 «Ене» үнді телехикаясы
07:15 «СТО» телехикаясы



6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
8:35 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:25 Фильм «ЗИМНИЙ СОН»



07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН
08:00 «ҮЛКЕН ҮЙ», телехикая
08:40 «КТК-да ҚАБАТОВ»



06:00 Әзіл студия
07:00 БалаFunny
07:30 Мультсериял «Маша и медведь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/п «Келесі кімі?»
07:30 Т/х «Тойхана»



07:00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07:40 Телехикая «91 ТВ» (каз.)
08:30 «INSTA LIKE» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ
21 ҚАҢТАР



6:00 Әнұран
6:05 «Ауылдастар»
6:30 «Шаңырақ»
7:00 «Күйіс жөнеіс»




05:00 «Кім мықты 2»
07:00 «Ykim»
10:00 Комедия. "Мармадюк"



06:00 «Қош келдіңіз»
06:50 «Ене» үнді телехикаясы
07:15 «СТО» телехикаясы



6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
8:00 «ВОСКРЕСНЬЕ БЕСЕДЫ»



18:00 Олег Штефанко в фильме «ОПЕРАТИВНАЯ РАЗРАБОТКА»



07:05 «МАХАББАТ ӘЛЕМИ»
09:30 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11:00 «ДЕВЯТЫЙ ВАЛ», мелодрама (повтор)



6:00 Әзіл студия
07:00 БалаFunny
07:30 Мультсериял «Маша и медведь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Концерт Қуандық Рахым
09:00 Т/п «Юмор! Юмор! Юмор!!!»



07:00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07:40 Телехикая «91 ТВ» (каз.)
08:30 «INSTA LIKE» (каз.)

СҰРЕТ СЫРЫ

АҚМОЛАЛЫҚ ҚОС ҚАЛАМҒЕР

Ақмолалық жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының облысаралық бөлімшесінің әдеби консультанты Әскен Нәбиев 60 жасқа толғанда (1983 жылы) әріптес інісі, КСРО Жазушылар Одағының мүшесі Мәди Хасенов: «Қаламы жүйрік, тілі көркем, ойы терең жазушы ретінде әсер еткен аға қаламгер Әскен Нәбиев бізге ерекше ыстық көрінеді.

Көңіліміз жақын, ойымыз ортақ, мақсатымыз бір Әскеннің шығармашылық әрбір қадамы, әдебиет әлеміндегі тынымсыз еңбегі мен табыстары, шыққан әр биігі біздің көз алдымызда...» деген еді. Ал жазушы Мәди

Хасенов 50 жасқа толғанда (1 желтоқсан 1986 жылы) Әскен Нәбиев: «Жазушының өзі қалап алған, ақ жүрегі ұнатқан тақырыбы – оның көңіл-күйі мен сыр-сипатын, ой парасаты мен шеберлігін қалтқысыз танытатын қасиеттер.

Оның туындылары сонысымен бүкіл республикамыздың оқырмандар қауымына жақсы таныс. Ал қаламынан туған көркем шығармалар кейіпкерлерінің асқақ арманмен астасып, замана талабын тап басып

жатады» деп баға беріпті. Бұдан осы өңірде туып-өсіп, қатарлас қалам тербеген екі жазушының бір-біріне деген ізеттігі, сыйластықтары мен өзара құрметтері анық аңғарылады.

Ғазиза ИСАХАН

Фотосурет Астана қаласы мемлекеттік архиві қорындағы Мәди Хасеновтің жеке архивінен алынды.




Құрметті ата-аналар! «Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек. (2024 жылы – 4 140 000 теңге) Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 7172-695-037, 87172-695-058

ҚАЛА КІТАПХАНАЛАРЫНДА ҚАНДАЙ ШАРА ӨТЕДІ?

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне 18 кітапхана қарайды. Атап айтқанда, 11 көпшілік кітапхана, 6 балалар кітапханасы және 1 көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана. Осы қаңтар айында қаланың барлық кітапханаларында биылғы атаулы оқиғалар мен мерейтойларға арналған іс-шаралар өтеді.

Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына
135 жыл толуына арналған іс-шаралар



Махамбет Өтемісұлының туғанына
220 жыл толуына арналған
іс-шаралар



Биылғы күзде Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Сол уақытта елімізге әлемнің 100-ден астам елінен туристер келеді деп күтілуде. Ойындар кезінде спорттық, мәдени және ғылыми бағдарламалар ұштасады. Жалпы ойындарға 20 жарыстық және 10 көрнекі спорт түрі кіріп, 110 медаль жиынтығы ойнайлады. Жарыстар ат спорты, ұлттық күрес, садақ ату, құстармен аң аулаудың түрлері, дәстүрлі зияткерлік ойындар бойынша өтеді. Осы айда қала

кітапханаларында аталмыш оқиғаға арналған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Биыл – ақындығымен, батырлығымен аты шыққан Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл. Сондай-ақ осы жылы классик жазушы, Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытұлының 135 жылдығы, жырау Сүгір Бегендікұлының туғанына 130 жыл, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, әйгілі қылқалам шебері, Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығы, ән дүлдiлi, Қаз

ҚСР Халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевтің 115 жылдығы, құйрықты жұлдыздай қазақ әдебиеті көгінен жарқ етіп сөнген Саттар Ерубаевтың 110 жылдығы, поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл.

Биыл туғанына 130 жыл толып отырған Алаш қайраткері Асылбек Сейітовтің есімі мен еңбегі көпшілікке беймәлім. Том мемлекеттік университетінің медицина факультетінде оқыған ол 1916 жылы Ақмола уезінде ауылшаруашылығы бойынша санақ

жұмыстары жүргізілгенде оңтүстік бөлігі комиссиясын басқарды. 1917 жылы сәуірдің соңы, мамырдың басында өткен Ақмола облыстық Қазақ съезінде алдымен хатшылыққа, соңында төрағаның орынбасарлығына сайланған. Сол жылы Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезіне қатысып, онда төралқа құрамында Міржақып Дулатовпен бірге хатшылыққа ұсынылды. Осы жиында Ақмола облысы атынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа сайланған.

Асылбек Сейітов Алашорданың Ақмола облыстық комитеті басшыларының бірі бола отырып, ұлт-азаттық қозғалысына үлкен үлес қосты. Баянауылда бас дәрігер, Семей қаласындағы губерниялық денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып 15 жыл бойы қызмет істеді. Семей облысында құрт ауруына қарсы емдейтін «Ауыл» және «Березовка» шипажайларын ашуға атсалысты. 1937 жылы Қаз КСР Денсаулық сақтау халық комиссариатының меңгерушісі, Алматы қаласындағы №5 емхананы алғаш ұйымдастырушылардың бірі және оның бас дәрігері болды. «Тан» журналына публицистикалық мақалаларды жазды. 1937 жылы 1 желтоқсанда ұсталып, 8 желтоқсанда ату жазасына кесілді.



ДАСТАН – ЧЕМПИОН!

2-8 қаңтар аралығында Австралияда Virtus Cycling World Series-2024 турнирінің екі дүркін жеңімпазы Дастан Ордабайды ағайын-туысы, дос-жараны және спорт саласының мамандары әуежайдан күтіп алды.

Аустралияның велоспорт Федерациясының (AusCycling) және Sport Inclusion Australia ұйытқы болған турнирге әлемнің мықты велосипедшілері қатысты. Para cycling чемпионаты World Cycling Series-ке кіреді, оған 62 пара-атлет қатысты. UCI Para-cycling класстары дене, көз, интеллектually бұзылуы бар, сондай-ақ есту қабілеті бұзылған спортшылар үшін ашық.

Дастан II-3 (зердесі зақымдалған) санаты бойынша 5,5 және 18,8 шақырым қашықтыққа жарыс жолына шығып, қарсыластарынан қара үзіп, дара-ланды. Мұндай жетістікке ел бойынша ғана емес, Азия құрлығында топ жарған алғашқы спортшы болды.

– Дастанның бәсекелесі

Франция, Оңтүстік Корея, Жаңа Зеландия өкілі саналды. Критерий бағдарламасымен жарысқа түскенде қатты қобалжыдық. Старт берілгеннен кейін, Дастан құлап қалды. Алайда ерік-жігер танытып, жарысты жалғастырды.

Д.Ордабай былтыр Францияда өткен Virtus Global Games бәсекесінде 3 күміс жүлде алып, осы жарысқа лицензия алғанды. Күміс медальді алтынға айналдырғанына қуандық, – деді Интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған спорт федерациясының Президенті Дина Темірғалиева.

Бұл федерация велоспорттан бөлек, үлкен теннис, үстел теннисі, жеңіл атлетика сынды спортқа көңіл бөледі.

МАНСҰРДЫҢ МҰРАСЫ

Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен мұражайлар дирекциясында көрнекті композитор, Қазақстанның халық әртісі Мансұр Сағатовтың туғанына 85 жыл толуына орай «Сағатовтың шығармашылық жолы» тақырыбында дөңгелек үстел мәжілісі өтті.

Мансұр Сағатов бастапқыда Күләш Байсейітова атындағы музыка мектебінің флейта сыныбында оқыған. Кейін Құрманғазы консерваториясының композиция класын бітірді. Қазақ радиосының музыкалық редакциясында, Қаз КСР Мәдениет министрлігі жанындағы репертуарлық-редакциялық бөлімінде, Құрманғазы кон-

серваториясында еңбек етті.

Композитордың шығармашылық жолы студенттік кезден басталды. Сол жылдары ол шекті аспаптар квартеті үшін сюита, виолончель мен фортепианоға арналған экспромт, қазақтың халық әні «Ләйлімнің» негізінде вариациялар жазды. Алғашқы үш бөлімді симфониялық шығар-

масымен дипломдық жұмысын қорғады, кейін бұл шығармаға Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы берілген.

Скрипка мен оркестрге арналған концертті, симфониялық оркестрге арналған «Мерекелік увертюрасы» шығармасын, «Мерген» симфониялық күйін, «Мемориал» атты симфониялық сюитаны,

«Диалогтар» поэмасын жазды. Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың өлеңіне «Ақын толғауы» шығармасын, көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің өлеңдеріне «Мерекелік кантата», «Достық елі» кантаталары дүниеге келді. Мансұр Сағатов – «Әлия» атты екі актілі балеттің авторы (либретто авторы – Жанат Байдаралин). Композитордың «Туған ел», «Алматым менің», «Бақыт құсы», «Той кеші», «Мені ізде», «Кел биле», «Кешегі арман – он жеті» әндері мен романстары халық арасына тарады.

ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСАДЫ

19 қаңтар-1 ақпан аралығында Оңтүстік Кореяның Канвондо провинциясындағы Каннун қаласында IV қысқы жастар Олимпиадасы өтеді. Оған баратын қазақстандық спортшылардың арасындағы елордалықтар тізімі белгілі болды.



Туризм және спорт министрлігі Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметінің мәліметінше, бұл жарыста ел намысын 42 отандасымыз 10 бағдарламада қорғайды. Делегация құрамында ресми өкілдер, бапкерлер, дәрігерлер мен БАҚ өкілдерін қосқанда 80-нен астам адам бар.

Азия құрлығы алғаш рет қаблдайтын жастар ойындарында Ұлттық құрама сапындағы елордалық жас спортшылар дүбірлі аламанды керлинг, конькимен

жүгіруден және шаңғы жарысы бойынша бақтарын сынайды. Керлинг: Мерей Тастемір; Ибрагим Тастемір.

Шаңғы жарыстары: Берік Боранбаев.

Конькимен жүгіру спорты: Руслан Жанаділов.

Барлығы бәсеке кезінде 81 Ұлттық Олимпиада комитетінен келген 1900-ға жуық атлет спорттың 7 түрінен 15 бағдарламада күш сынасады деп жоспарланған.



«ҚАР ХАНШАЙЫМЫН» ҰСЫНАДЫ

13-14 қаңтар күндері Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры Ганс Христиан Андерсеннің «Қар ханшайымы» музыкалық ертегісінің премьерасын көрермен назарына ұсынады.

Ертегінің қоюшы режиссері – Бауыржан Нұрбай, қазақ тіліне аударған – Айнұр Омаш, редакторы – Алтынай Маханбет, сахна суретшісі – Арна Алпысбаева. Спектакльдің басталуы – сағат 11.00.

Ганс Христиан Андерсеннің «Қар ханшайымы» музыкалық ертегісі патша көңілді көрерменге достық пен алғашқы махаббат,

адалдық пен сатқындық яғни, өмір жолын таңдау мәселесіне көмектеседі. Ал ересектер үшін – балалық шақ әлеміне еніп, әлемді балалардың көзімен көрудің бірегей мүмкіндігі. Әлем әдебиетінің алтын қорына енген Кай мен Герданың классикалық хикаясы жастарды толғандыра отырып, өскелең ұрпаққа батырлықты, шынайылықты дәріптейді.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №4

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ